KazakhExport

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2019

ЖАҢА КӨКЖИЕКТЕРДІ АШУ ЖОЛЫНДА



Мазмұны

Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі 4

Басқарма Төрағасының үндеуі 6

2019 жылдың негізгі көрсеткіштері 8

2019 жылдың негізгі оқиғалары 9

Компания туралы 11
- Миссиясы 11
- Пайымы 11
- Компанияның қысқаша тарихы 12
- Бизнес-модель сипаттамасы 14
- Сақтандыру тәртібі 15
- Біздің артықшылықтарымыз 16
- Қолдау құралдары 17

Даму стратегиясы 19
- Негізгі стратегиялық көрсеткіштер 20
- Стратегиялық бағыттар бойынша жұмыс нәтижелері 21

Оралымдық қызмет нәтижелері 27
- Сыртқы ортаны шолу 27
- Сақтандыру қызметінің көрсеткіштері 30
- 2019 жылы KazakhExport қолдауымен жүзеге асырылған ірі мәмілелер 34

Қаржылық көрсеткіштер 43

Сатып алулар тәжірибесі 45

Алдағы жоспарлар мен міндеттер 49

Корпоративтік басқару 51
- Корпоративтік басқару жүйесінің сипаттамасы, оның қағидалары 51
- Корпоративтік басқару қағидалары 51
- Тұрақты даму саясаты 52
- Капитал 53
- Менеджменттің ұйымдық құрылымы 54
- Директорлар кеңесі 55
  - Директорлар кеңесінің құрамы (2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша) 55
  - Директорлар кеңесінің қызметі жөніндегі есеп 58
  - Директорлар кеңесінің комитеттері 59
- Таңдау және тағайындау 61

Директорлар кеңесінің жұмысын және корпоративтік басқаруды диагностикалауды бағалау 62
Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру 62
Мүдделер қайшылығы 63
Комплаенс-бақылау 64
Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа төтеп беру 65
Атқарушы орган 66
Басшылық сыйлықақылары 68
Дара тұлғалы акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету бойынша өткізілген іс-шаралар 69
Дивидендтік саясат 69
Корпоративтік әдеп 69
Ішкі аудит қызметі 71
Корпоративтік хатшы 72
Сыртқы аудит 73

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ 75
Тәуекелдерді басқару жүйесі 75
Негізгі тәуекелдер және оларды басқару жөніндегі іс-шаралар 77

Кадрлық саясат 81
Қызметкерлерді іріктеу және бейімдеу 82
Қызметкерлерді оқыту және дамыту 82
Қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалау 82
Қызметкерлердің еңбекақысын төлеу және ынталандыру 83
Әлеуметтік қамсыздандыру 83
Кадрлық резерв және сабақтастық 83
Еңбекті қорғау 83
Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат 84
Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу 85

Қосымша. Қаржылық есептілік 91

Байланыс ақпараты 98

Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ-на ел басшылығы шикізаттық емес қазақстандық экспорт көлемін арттырудағы, сондай-ақ тауарларды өткізу және экспорттау нарықтарын әртараптандырудағы басты рөлді атқаруды тапсырды.

2019 жылдың ішінде Қазақстаннның сыртқы сауда айналымы 96 млрд АҚШ долларын құрады. Экспорт 57,7 млрд АҚШ доллары деңгейінде тұрақталды.

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауына сәйкес «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру», экспортқа бағытталған индустрияландыру мәселесі экономикалық саясаттың негізгі элементі болуға тиіс. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Үкіметіне келесі 3 жылдың ішінде өңдеуші өнеркәсіп пен шикізаттық емес экспортты қолдауға 500 млрд теңге бөлу тапсырылды. Оның ішінде, қосымша капиталдандыруға - «KazakhExport» ЭСК» АҚ – 68 млрд теңге және KazakhExport міндеттемелері бойынша мемлекеттік кепілдікке – 102 млрд теңге.

Жоғарыда аталған тапсырманы орындау аясында 2019 жылы KazakhExport республикалық бюджет қаражаттарының есебінен 34 млрд теңге сомасына капиталдандырылды.

Дүниежүзілік практикаға жасалған талдау экспортты қолдаудың тиімді шарасы экспорттық-кредиттік агенттіктердің міндеттемелері бойынша мемлекеттік кепілдіктерді беру болып табылатынын көрсетті. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі және KazakhExport 2019 жылдың ішінде тиісті нормативтік

құқықтық актілерді әзірлеу және оларды қабылдауды қамтамасыз ету бойынша жұмысын аяқтады.

Нәтижесінде қажетті құқықтық жағдайлар жасалды және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы қаулысымен KazakhExport-қа экспортты қолдау бойынша 10 жылдық әрекет мерзімімен сақтандыру төлемдері бойынша берешекті өтеумен байланысты міндеттемелерін қамтамасыз ету ретінде 102 млрд теңгеге мемлекеттік кепілдік беру туралы шешім қабылданды.

Алынған мемлекеттік кепілдік Компания капиталына ақша қаражаттарын қосымша салусыз қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемін арттырады, Қазақстан Республикасының экспорттық мәмілелерін қаржыландыруға халықаралық капиталды тартуға, сондай-ақ отандық экспорттың географиясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Экспортты мемлекеттік қолдау шаралары KazakhExport жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді және 2019 жылы 2018 жыл деңгейінен 7,8% артық көлемде, яғни 97 млрд теңге мөлшерінде сақтандыру міндеттемелерін қабылдауды қамтамасыз етті.

KazakhExport-ң өз дамуын жалғастыру үшін қаржылық жағдайы жетерлік. 2019 жылғы 15 қазанда «KazakhExport» ЭСК» АҚ-ң Moody's Investors Service агенттігінен берген қаржылық сенімділік рейтингі «Baa3» деңгейінде расталды, қаржылық сенімділік рейтингі бойынша болжам «тұрақтыдан» «оң» деп өзгертілді, бұл Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингісіне сай.

2020 жылы KazakhExport шикізаттық емес экспорт көлемдерін арттыру мақсатымен Компанияны институционалдық дамыту бойынша жұмысын жалғастырады. Міндеттемелер бойынша мемлекеттік кепілдік алу және меншікті капиталды арттыру KazakhExport өсуіне және оның қызмет ауқымына жаңа қарқын береді.

2020 жылға экспорттаушы кәсіпорындар, қазақстандық және халықаралық қаржы институттары, сондай-ақ экспорттық-кредиттік агенттіктер тарапынан KazakhExport-қа сенімділік және беріктік дәрежесін әрі қарай арттыруға бағытталған бірқатар бастамалар жоспарланды, жоспарланған шаралар аясында, негізінен, қазақстандық өнімді экспорттау кезінде қаржылық қызметтер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау түрінде жеке кәсіпкерлікті қаржылық қолдау туралы норманы заң түрінде бекіту күтілуде.

Одан басқа, келесі жылы шикізаттық емес тауарларды қазақстандық өндірушілерді және сыртқы нарықтардағы қызметтерді жеткізушілерді қолдау және олардың бәсекеге қабілеттілігін экспорттаудың тиімді қолдау шараларының есебінен күшейту мақсатымен «KazakhExport» ЭСК» АҚ жарғылық капиталын көбейту күтілуде.

Директорлар кеңесінің Төрағасы,
Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрі
Бақыт СҰЛТАНОВ

Басқарма Төрағасының үндеуі

Құрметті клиенттер, серіктестер және әріптестер!

KazakhExport индустриялық даму бойынша орасан зор жұмысын жалғастыруда, экспорттаушыларды қолдау көлемдері кеңейтілуде, өңдеуші сектордың қолдау көрсетілген кәсіпорындарының саны артуда, біздің құралдарымыздың көмегімен жүзеге асырылған экспорт көлемі артуда.

Біз бүгінгі күнге дейін 100-ден астам қазақстандық экспорттаушы кәсіпорындарға қолдау көрсетіп үлгердік, олардың ішінде 42-і 2019 жылы KazakhExport қызметтерін алғаш рет пайдаланған.

Есепті жылдың ішінде 458-ден астам сақтандыру шарттары жасалды, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 37% артық. KazakhExport қазақстандық машина жасау, металлургия, химия, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, агроөнеркәсіптік кешен салаларының өнімдерін жеткізу бойынша 543 млрд теңгеден астам сомаға экспорттық келісімшарттарға қолдау көрсетті.

Қазақстанның барлық өңірлерінде біздің серіктестеріміз ірі компаниялар да, шағын және орта бизнес өкілдері де болып табылады. Қазақстандық өндірушілердің өнімі Әзірбайжанға, Арменияға, Беларуське, Германияға, Грузияға, Италияға, Қытайға, Моңғолияға, Ресейге, Тәжікстанға, Түркіменстанға, Өзбекстанға, Жапонияға экспортталады.

2019 жылы алынған қолдаудың арқасында отандық экспорттаушылар құрал-жабдықтарды, автомобиль техникасын, болат құбырларды, ұнды, сүт өнімдерін, етті және басқа да азық-түліктерді жеткізуге экспорттық келісімшарттарды орындады, шетелдік тапсырыс берушілерге күрделі өнеркәсіптік объектілерді жобалау және салу бойынша қызмет көрсетті, шетелдегі мұнай кен орындарында жұмыстарды орындады. Осы есепте KazakhExport қолдау кезінде іске асырылған басқа да маңызды жобалардың сипаттамаларымен таныса аласыз.

Біз өзіміздің қызметіміздің географиясын кеңейтуді жалғастырудамыз. Қазіргі уақытта қазақстандық экспорттаушыларға KazakhExport-ң Өзбекстандағы (Ташкент), Тәжікстандағы (Душанбе), Ресей Федерациясындағы (Екатеринбург, Новосибирск, Қазан), Қырғыз Республикасындағы (Бішкек), ҚХР-ғы шетелдік өкілдері қолдау көрсетіп жатыр. Шетелдік өкілдер Қазақстан Республикасының шикізаттық емес тауарларын, жұмыстарын және қызметтерін шетелге экспорттау көлемдерін арттыру мәселелері бойынша контрагенттермен өзара қарым-қатынастарда KazakhExport мүдделерін ілгері бастыруды және қорғауды жүзеге асырып жатыр.

KazakhExport шетелдік өкілдері желісі бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша есепті жылдың ішінде экспорттық мәмілелерді сақтандыру бойынша 49 жоба іске асырылды, 8,9 млрд теңге көлемінде сақтандыру міндеттемелері қабылданды, 42 шетелдік импорттаушы тартылды. Одан басқа, шетелдік өкілдер 70 астам шетелдік контрагенттердің сенімділігі туралы ақпаратты тексерді. Бұл KazakhExport-қа тәуекелдерді белсендірек қабылдауға және экспорттаушыларға қорғауды ұсынуға мүмкіндік берді. Шетелдік импорттаушылармен, сауда желілерімен, банктермен, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарымен, басқа да қаржылық институттармен ынтымақтастық туралы 25 астам келісім мен меморандумға қол қойылды.

Мысалы, 2019 жылы «Еврокоптер Казахстан инжиниринг» ЖШС H125 Airbus Helicopters тікұшағын Тәжікстан Республикасына экспорттау қаржыландырылды. Одан басқа, ірі тәжік импорттаушысы TALCO MANAGEMENT LIMITED үшін химия және құрылыс салаларында өнімдерді жеткізу бойынша KazakhExport сақтандыру арқылы өтелетін ірі жобалар іске асырылды.

Біз Қазақстанда да, алыс және жақын шетел мемлекеттерінде де серіктес банктер желісін дамыту бойынша мақсатты жұмысымызды жалғастырып келеміз. 2019 жылы KazakhExport Өзбекстан Республикасында бірқатар банктермен серіктестік орнатты. Олардың ішінде, «Ипотека банк» АКБ, «Turon bank» АКБ, «Tenge bank» АКБ, «Aloqabank» АКБ, «Qishloqqurilish Bank» АКБ және тағы басқалар бар.

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ-на жүктелген міндеттерді ескере отырып, 2020 жылы KazakhExport Дара тұлғалы акционер – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-мен және Қазақстан Республикасы Үкіметімен бірлесіп клиенттік базаны кеңейту, сондай-ақ Қазақстанда да, алыс және жақын шетел мемлекеттерінде де серіктес банктер желісін дамыту бойынша жұмысын жалғастырады.

Мен нәтижелі ынтымақтастығы үшін клиенттерімізге және серіктестерімізге алғысымды білдіремін, тұрақтылық пен өркендеуді тілеймін!

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ Басқарма Төрағасы
Руслан ИСКАКОВ

2019 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қолдау көрсетілген экспорттық келісімшарттар сомасы

544 МЛРД ТЕҢГЕ

құрады

97,1 МЛРД ТЕҢГЕ

қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі

Қолдау көрсеткен

368 БІРЛ.

экспорттық келісімшарт

286,3 МЛРД ТЕҢГЕ

KazakhExport қолдау құралдарын қолданатын кәсіпорындардың экспорттық пайдасының көлемі

716,9 МЛРД ТЕҢГЕ

қолдау көрген кәсіпкерлік субъектілерінің өндірген өнім көлемі

3,44%

активтер тиімділігінің көрсеткіші

ROA

«KazakhExport» ЭСК» АҚ қолдауын алғаш рет пайдаланды

42 ЭКСПОРТТАУШЫ

2019 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

- Жарғылық капиталды 34 млрд теңгеге арттыру.
- «KazakhExport» ЭСК» АҚ 102 млрд теңгеге әрекет ету мерзімі 10 жылдық экспортық қолдау бойынша мемлекет кепілдігін алуы.
- Жоғары экспорттық және басым экспорттық мүдделер елдерінде кеңселер ашу: Ташкент қ. (Өзбекстан Республикасы), Душанбе қ. (Тәжікстан Республикасы), Екатеринбург қ., Новосибирск қ. (Ресей Федерациясы), Бішкек қ. (Қырғыз Республикасы).
- Moody's агенттігінен «Baa3» деңгейіндегі қаржылық сенімділік рейтингін алу, қаржылық сенімділік рейтингі бойынша деңгейдің болжам «тұрақты» деңгейінен «оң» деңгейіне ауыстырылуы.
- Ухань қ. (Қытай Халық Республикасында) «Zhongshan» дүкендер желісінде қазақстандық тауарлар бөлімін ашу.
- Жүйе қалыптастырушы ресейлік банктермен - «Банк ВТБ» ҚАҚ, «ФК Открытие» Банкі ҚАҚ, «Совкомбанк» ҚАҚ экспорттық саудалық қаржыландыру бойынша бірінші мәмілелерді жүзеге асыру.
- «Москоммерцбанк» АҚ экспорттық саудалық қаржыландыру бойынша әрі қарай іскерлесуді кеңейту бойынша іскерлесу жөніндегі Келісімге қол қою.
- «Сомон Эйр» тәжікстандық әуе компаниясымен іскерлесуді орнату.
- «Еуразиялық экономикалық интеграция» XIII Халықаралық конференциясы аясында «KazakhExport» ұлттық компаниясы мен «Эксар» экспорттық несиелер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі агенттігінің арасындағы қайта сақтандыру шартына қол қойылды.

Нұр-Сұлтан



Қазақстан Республикасы
Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы,
үй 55 А, блок Б

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - KazakhExport немесе Компания) – экспорттық операцияларды қорғаудың сақтандыру құралдарын құру арқылы қазақстандық экспортты қолдаудың ұлттық даму институты болып табылады. KazakhExport шикізаттық емес сектордың сыртқы экономиялық келісім-шарттарына қатысты коммерциялық және саяси тәуекелдерді сақтандыру бойынша қызметтерді ұсынады.

Миссиясы

- Экономиканың басым секторларындағы шикізаттық емес тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің экспортының өсуін қолдау және қазақстандық кәсіпорындарға қаржылық-сақтандыру және қаржылық емес қолдау көрсету тәжірибесін қалыптастыру.

Пайымы

- 2023 жылға дейін Орта Азия өңіріндегі және Еуразиялық экономикалық одақ елдеріндегі Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық саясатын жүзеге асырудағы негізгі даму институтына айналу.

Компанияның қысқаша тарихы

2003 жыл

- KazakhExport құрылуы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 442 Қаулысы).

2004 жыл

- Берн одағының Прага клубына - Ең ірі халықаралық экспорттық-несиелендіру агенттіктерінің қауымдастығына ену (37 агенттік, 34 ел және 3 трансұлттық ұйым)

2005–2018 жылдар

- Сақтандыру нарығында пропорционалды және пропорционалды емес негіздегі қайта сақтандыру компаниясы ретінде әрекет ету.

2010 жыл

- Экспорттық саудалық қаржыландыру бойынша операцияларды қолдау мақсатымен жарғылық капиталды ұлғайту.

2012 жыл

- Қазақстан тарихында тұңғыш рет KazakhExport қаржылық-сақтандыру қолдауымен Тәжікстан Республикасына отандық локомотивтерді экспорттау жүзеге асырылды.

2013 жыл

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ құрамына кіру (Дара тұлғалы акционер).

2014 жыл

- Aman Union - Ислам мемлекеттері мен араб әлемінің ең ірі экспорттық-несиелендіру агенттіктерінің Қауымдастығына кіру.

2015 жыл

- 1934 жылы құрылған және экспорттық несиелерді және инвестицияларды сақтандырумен айналысатын сақтандыру компанияларының бейресми бірлестігі болып табылатын Берн одағы бақылаушысының мәртебесінің берілуі.

- Қазақстанның тарихында тұңғыш рет KazakhExport қатысуымен 10 отандық локомотивті Әзірбайжан Республикасына жеткізу бойынша лизингтік қаржыландыру схемасына сәйкес халықаралық деңгейдегі бірінші экспорттық мәміле жасалды.

2016 жыл

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің «Қарыздарды сақтандыру», «АҚЖ сақтандыру» қосымша сақтандыру кластары бойынша лицензиялары алынып, жаңа ережелер әзіреніп, жаңа экспортты қолдау құралдары енгізілді, солардың ішінде қарыздарды ерікті сақтандыру, алдын ала төлемді сақтандыру, предэкспортное қаржыландыру, лизингті сақтандыру.

- Сақтандыру қолдауы құралдары желісінің кеңейтілуі: қарыздарды ерікті сақтандыру, алдын ала төлемді сақтандыру, ұлттық валюта мен ресей рубліндегі саудалық қаржыландыруы, сонымен қатар қаржылық лизингті сақтандыру.

- Жарғылық капиталды 14 млрд теңгеге ұлғайту.

- «Қазақстан даму банкі» АҚ бірлескен несиелік мәмілелер жүзеге асырылды, оның аясында KazakhExport қарызды сақтандыру өнімі арқылы сақтандыру қорғанысын қамтамасыз етті.

2017 жыл

- «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-несие сақтандыру корпорациясы» АҚ «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ етіп түрлендіру және ұлттық компаниялар тізіліміне енгізу.
- KazakhExport 2014 - 2023 жылдарға көзделген Даму стратегиясын Қазақстан Республикасының Ұлттық экспорттық стратегиясына сәйкес өзектілендіру.
- Жарғылық капиталды 13,9 млрд теңгеге ұлғайту.

2018 жыл

- 2018 жылдың наурызында Компанияны Астана қ. жаңа мекенжайға орын ауыстыру: Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 55 А «Бәйтерек» БО.
- Алматы қ. өкілдік құру.
- 2018 жылдың 21 мамырындағы № 2.1.55 лицензияны «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына қайта рәсімдеу.
- KazakhExport 2018 жылдың қыркүйегінде сақтандыру қызметі туралы жаңа заңнамаға сәйкес Сақтандыру омбудсмені Өкілдері кеңесінің құрамына кіруі.
- Қазан қаласында (Ресей Федерациясы) кеңсе ашу және ҚХР шетелдік өкілді тағайындау.

2019 жыл

- Жоғары экспорттық және басым экспорттық мүдделер елдерінде кеңселер ашу: Ташкент қ. (Өзбекстан Республикасы), Душанбе қ. (Тәжікстан Республикасы), Екатеринбург қ., Новосибирск қ. (Ресей Федерациясы), Бішкек қ. (Қырғыз Республикасы).
- Жарғылық капиталды 34 млрд теңгеге арттыру.
- «KazakhExport» ЭСК» АҚ 102 млрд теңгеге әрекет ету мерзімі 10 жылдық экспортық қолдау бойынша мемлекет кепілдігін алуы.

Бизнес-модель сипаттамасы



- СЭҚ мәселелері бойынша консультациялық қызметтер
- Контрагенттерді талдау
- Экспорттық мәмілелерді құрылымдау бойынша кеңес беру
- Бизнес келісімшарттарын ұйымдастыруда қолдау көрсету

- Экспорттаушы несиесін сақтандыру
- Экспорт алды қаржыландыру
- Алғытөлемді сақтандыру
- Экспорттаушының облигациялар бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру
- Құжаттық аккредитивтерді сақтандыру
- Экспорттық саудалық қаржыландыру
- Қарыздарды сақтандыру
- Қаржылық лизингті сақтандыру
- Банктің төлем кепілдігін сақтандыру
- Банктің кепілдігін сақтандыру
- Экспорттаушының мерзімдік валюталық қарыздар бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру
- Халықаралық факторингті сақтандыру
- Шетелдердегі қазақстандық инвестицияларды сақтандыру

2019 жылдың нәтижесі бойынша

100 **-ДЕН АСА ЭКСПОРТТАУШЫҒА**

қолдау көрсетілді, олардың **42-сі БІРІНШІ** рет тартылды

458 **САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНА**

қол қойылды, бұл 2018 жылдың көрсеткіштерінен 37 % артық

Сақтандыру шарттарының жалпы сомасы

97,1 **МЛРД ТЕҢГЕ**

368 **ЭКСПОРТТЫҚ КЕЛІСІМШАРТҚА**

қолдау көрсетілді, бұл 2018 жыл көрсеткішінен 10 % артық

Сақтандыру тәртібі

- Экспорттаушы мен импорттаушы төлемді кейінге қалдыру мүмкіндігімен экспорттық келісімшарт жасасады
- Экспорттаушы тауарларды жеткізіп, сақтандыру сыйлықақысын төлейді
- Экспорттаушы KazakhExport-қа сақтандыруға өтінім береді
- Егер импорттаушы алған тауарды төлемесе, KazakhExport экспорттаушының шығындарын өтейді
- KazakhExport өтінімді қарастырады және экспорттаушымен сақтандыру шартын жасасады

Біздің артықшылықтарымыз

- Төлемді кейінге қалтыру шарттарымен экспорттау мүмкіндігі немесе төлемді кейінге қалтыру шарттарымен экспорттық сатулар көлемін арттыру;
- KazakhExport сақтандыру қорғанысы болған жағдайда мүмкіндіктердің артуы және несиелендіру шарттарының жақсаруы, себебі KazakhExport сақтандыруы банк несиелері бойынша қамтамасыз ету болып табылады;
- Экспорттық келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау шетелдік контрсеріктестікке байланысты болмайтын саяси сипаттағы сақтандыру оқиғасы жағдайындағы шығындардың қысқаруы;
- Төлемеу тәуекелдерінің азаюы, себебі кепілдік қамтамасыз ету болған жағдайдың өзінде тәуекел толықтай жоққа шығарыла алмайды;
- Жаңа нарықтарға «қауіпсіз кіру» стратегиясына арналған тиімді құрал;
- Шетелдегі қазақстандық инвестицияларды саяси тәуекелдерден қорғау;
- Анықталған экспорттық тәуекелдерге негізделген стратегиялық жоспарлау;
- Экспорттық несиелерді сақтандыру процедурасы әдетте аккредитив ашумен салыстырғанда азырақ шығындарды қажет етеді;
- Экспорттық несиелерді сақтандыру факторингтік операциялардан арзан.

Қолдау құралдары

KazakhExport отандық өндірушілердің өнімдерін экспорттауды сақтандырудың жалпымен қабылданған әлемдік тәжірибелер арқылы қолдайтын жалғыз сақтандыру ұйымы болып табылады және кәсіпкерлерді отандық тауарларды өндіру кезеңінен бастап, оны сыртқы нарықтарда сатуға дейін қолдайтын ең маңызды тізбек болып табылады.

KazakhExport компаниясының мемлекеттік даму институты ретіндегі қызметі ең алдымен ұлттық тауарларды, қызметтерді және инвестицияларды шетелге экспорттауды қолдау үшін коммерциялық және саяси тәуекелдерді өтеу қажеттілігі мен мүмкіндігіне негізделеді.

KazakhExport ұлттық экспортқа экспорттық несиелерді сақтандыру саласындағы озық әлемдік тәжірибелерге сәйкес әзірленген және әлеуетті және қазіргі клиенттің қажеттіліктеріне барынша сәйкес сақтандыру қолдау құралдарын ұсынады.

Қолданыстағы негізгі өнімдер клиент түріне сәйкес 3 түрге топтастырылған:

- Экспорттаушыларға арналған өнімдер;
- Қаржылық институттарға арналған өнімдер;
- Инвесторларға арналған өнімдер.

KazakhExport өнімдері экспорттаушыға келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді:

Шетелдік сатып алушының сенімділігін тегін тексеріп алу Шетелдік сатып алушы тарапынан төлемеу тәуекелін сақтандыру	Экспорттаушының несиесін сақтандыру Қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру Банк кепілдігін сақтандыру
Айналым капиталын толтыру	Экспорт алды қаржыландыру Халықаралық факторингті сақтандыру
Шетелдік сатып алушыны қазақстандық тауарларды сатып алуға қаржыландыру	Құжаттық аккредитивтерді сақтандыру Экспорттық саудалық қаржыландыру
Шетелдік сатып алушыдан алдын ала төлем алу	Алдын ала төлемдерді сақтандыру
Облигациялар шығару жолымен капитал тарту	Экспорттаушының облигациялар бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру
Кепілдік қамтамасыз ету жетіспеген жағдайда банктен қаржыландыру алу	Қарыздарды сақтандыру
Құрал-жабдықты лизингке сатып алу немесе сату	Қаржылық лизингті сақтандыру
Тендерге қатысу үшін банк кепілдігін алу	Банктің төлем кепілдігін сақтандыру
Валюталық тәуекелдерді хеджде у	Экспорттаушының мерзімдік валюталық қарыздар бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру
Шетелдік инвестицияларды қауіпсіздендіру	Шетелдердегі қазақстандық инвестицияларды сақтандыру

Алматы



Қазақстан Республикасы

Алматы қ., Достық даңғылы, 180 үй,
6 қабат, 63 кеңсе
Тел: +7 (727) 330-97-74

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

2018 - 2022 жылдарға көзделген «ҚР Ұлттық экспорттық стратегиясының» міндеттерін ескере отырып, KazakhExport негізгі стратегиялық мақсаттары болып қолдау көрсетілген экспорттық келісімшарттардың көлемін арттыру және қаржылық қолдау көрсетілген экспорттаушылар санын мақсатты мәндерге жеткізу табылады.

KazakhExport даму стратегиясы, бір жағынан, экспорттаушылар санын және шикізаттық емес экспорт көлемін арттыруға септігін тигізуі және, екінші жағынан, көрсетілетін қолдау көлемдерін арттыру жағдайларында ұлғайып келе жатқан клиенттік базасының талаптарына технологиялық және ұйымдық тұрғыдан сәйкес келуі тиіс.

KazakhExport дамуының стратегиялық бағыттары экспортты қолдау құралдарын жетілдіруді, экспорттаушылар санын арттыру және оралымдық тиімділікті арттыру үшін қажетті шарттарды қамтамасыз етуді қамтиды.

Өзінің негізгі қызметі аясында KazakhExport өңдеу саласындағы экспорттаушы кәсіпорындарға және екінші деңгей банктеріне сыртқы саудалық операциялар барысында төлемеу тәуекелінен сақтандыру қорғанысын қамтамасыз етеді және экспорттық мәмілелердің қауіпсіздігін кепілдендіреді.

Экспорт саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі мақсаты болып экспорттық себетті диверсификация және шикізаттық емес экспортты озушы қарқынмен өсуін қамтамасыз ету табылады.

Қаржылық қолдау алған экспорттаушылардың санының артуына келесі жолдармен қол жеткізуге болады:

- Өңірлерде қазіргі және әлеуетті экспорттаушыларды тарту;
- Шетелдік өкілдіктер арқылы бизнес-байланыстарды ұйымдастыру;
- KazakhExport танымалдығын және қызметі жөніндегі ақпараттандыруды арттыру.

Қолдау көрсетілген экспорттаушыға шаққандағы экспорттық мәмілелердің санының артуына келесі жолдармен қолжеткізуге болады:

- Экспорттаушыларға арналған бірыңғай интернет-ресурсты (Digital Baiterek) құру;
- Несиелендіру және сақтандыру қызметтерінің құнын арзандату;
- Бизнес-процесстерді автоматандыру есебінен тиімділікті арттыру.

Дамудың стратегиялық бағыттары және стратегиялық бастамалар

№	Стратегиялық бағыт	Стратегиялық бастама
1	Экспортты қолдау құралдарын жетілдіру	Экспортты қолдаудың қаржылық шараларын жетілдіру • Мемлекет кепілдігін алу • Экспорттық несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің бір бөлігін өтеу • Капиталдандыруды арттыру
		Сервистік қолдауды жетілдіру (бизнес-байланыстарды ұйымдастыру)
2	Экспорттаушылар санын арттыру үшін жағдайлар жасау	Өңірлік қатысуды қамтамасыз ету және шағын және орта бизнеске және басым салаларға фокусты күшейту
		Шетелдік қатысуды қамтамасыз ету
		KazakhExport танымалдығын және қызметі жөніндегі ақпараттандыруды арттыру
3	Оралымдық тиімділікті арттыру	Қаржылық қызметтерді қазақстандық экспорттаушыларды қолдаудың бірыңғай порталын жүзеге асыру арқылы «бір терезе» қағидасы бойынша көрсету
		Қызметкерлер штатын кеңейту және адами капиталды дамыту
		Инновациялық технологияларды енгізу және бизнес-процесстерді автоматтандыру

Негізгі стратегиялық көрсеткіштер

№	Негізгі қызмет көрсеткіші	Өлш. бірлігі	Нақты 2018 ж.	2019 ж. Жоспар	2019 ж. Нақты	Жоспар 2020 ж.	Жоспар 2021 ж.	Жоспар 2022 ж.
1	Экспорттық келісімшарттар сомасы	млрд теңге	420	325	544	390	455	520
2	KazakhExport қолдау құралдарын пайдаланатын кәсіпорындардың экспорттық пайдасының көлемі	млрд теңге	104,5	164,2	286,3	328,20	458,99	679,43
3	Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі	млрд теңге	90,2	95,0	97,1	150,0	200,0	250,0
4	KazakhExport қолдауын бірінші рет алған экспорттаушылар саны	бірл.	27	25	42	25	25	25
5	Қолдау алған кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім көлемі	млрд теңге	157,8*	164,2	716,9	328,20	458,99	679,43
6	Экспорттық келісімшарттар саны	бірл.	334	343	368	353	363	373
7	ROA	%	3,3	Кем дегенде 1	3,44	Кем дегенде 1	Кем дегенде 1	Кем дегенде 1

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР БОЙЫНША ЖҰМЫС НӘТИЖЕЛЕРІ

1-стратегиялық бағыт.
Экспортты қолдау құралдарын жетілдіру.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы ҚР Үкіметіне жолдауында өңдеу өнеркәсібін және шикізаттық емес экспортты қолдауға қосымша 500 млрд теңге жіберуге тапсырма берілді, оның ішінде 170 млрд теңге KazakhExport үшін көзделген, соның ішінде 102 млрд теңге Мемлекеттік кепілдік ретінде және 68 млрд теңге жарғылық капиталды ұлғайту аясында.

Қазақстан Республикасының 2018 жылдың 30 қарашасындағы «2019–2021 жылдарға көзделген республикалық бюджеті туралы» Заңына сәйкес 2019 - 2020 жылдары KazakhExport капиталдандыруға 68 млрд теңге мөлшеріндегі қаражат бекітілген (34 млрд теңге – 2019 жылға, 34 млрд теңге – 2020 жылға). Компанияны 34 млрд теңгеге капиталдандыру 2019 жылдың наурызында белгіленген процедураларға сәйкес жүзеге асырылды.

KazakhExport экспортты қолдауға ҚР мемлекеттік кепілдігін алу үшін құқықтық шарттар қамтамасыз етілді, бұл олармен сақтандыру шарттарын жасасу арқылы отандық экспорттаушыларды қолдау үшін сақтандыру сыйымдылығын ұзақ мерзімді негізде елеулі түрде (102 млрд теңгеге) ұлғайту мүмкіндігін береді. Оған қоса, бұл Қазақстанның экспорттық мәмілелерін қаржыландыруға халықаралық капиталды тарту және отандық экспорт географиясын кеңейту мүмкіндігін береді.

2019 жылға мемлекеттік кепілдікті беруді 102 млрд теңге көлеміндегі лимиті Қазақстан Республикасының 2019 жылдың 22 қазанындағы «2019–2021 жылдарға көзделген республикалық бюджеті туралы» Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңында белгіленген.

2-стратегиялық бағыт.
Экспорттаушылар санын арттыру үшін жағдайлар жасау.

2019 жылы саны 81 бірлікті құрайтын (ұлғайту 16 бірлікті құрайды, соның ішінде шетелдік өкілдер саны - 9) KazakhExport жаңа ұйымдастырушылық құрылымы бекітілді.

2019 жылы контрагенттермен Қазақстан Республикасының шикізаттық емес тауарларын, қызметтерін және жұмыстарын шетелдерге экспорттау көлемдерін өсіру мәселелері бойынша қатынастарда Компания мүдделерін танытуды, ілгерілетуді және қорғауды жүзеге асыратын Өзбекстан Республикасында (Ташкент қ. - 2), Тәжікстан Республикасында (Душанбе қ. - 1), Қырғыз Республикасында (Бішкек қ. - 1), Ресей Федерациясында (Екатеринбург қ. - 1, Новосибирск қ. - 1) 6 шетелдік өкілдігі тағайындалып, жұмыстарына кірісті.

Атқарылған жұмыс нәтижелері бойынша 2019 жылы KazakhExport шетелдік өкілдігі тарапынан экспорттық мәмілелерді сақтандыру бойынша 49 жоба жүзеге асырылып, 42 шетелдік импорттаушы тартылды, өздері бойынша сақтандыру сыйлықақысы 224,9 млн теңгені құраған 8,9 млрд теңге көлеміндегі сақтандыру міндеттемелері қабылданды. Оған қоса, Компанияның шетелдік өкілдердің қолдауымен шетелдік контрагенттердің сенімділігі жөніндегі 72 қорытынды әзірленіп, шетелдік импорттаушылармен, сауда желілерімен, банктермен, сақтандыру және қосымша сақтандыру ұйымдарымен және қаржылық институттармен іскерлесу жөніндегі 27 келісім мен меморандумға қол қойылды.

Мысалы, 2019 жылы Тәжікстан Республикасындағы шетелдік өкілмен тәжікстандық «Сомон Эйр» әуе компаниясымен іскерлестік орнатылып, компанияның әуе паркін жаңарту қажеттіліктері анықталды. Нәтижесінде «Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС өндірген бірінші тікұшақ Тәжікстан Республикасына экспортталды. Оған қоса, отанымызда жинақталған 5 тікұшақты Тәжікстан Республикасына 2020 жылы жеткізу жөніндегі келісім жасалды. Сонымен қатар, «Тәжік алюминий компаниясы» МУК-пен іскерлестік орнатылды. Өткізілген келіссөздердің нәтижесі болып табылатын қазақстандық компаниялармен жасалған 3 экспорттық келісімшарт.

Өзбекстан Республикасындағы шетелдік өкілдің қолдауымен өзбек тарапымен Өзбекстандағы «Nurafshon Avtocentr» ЖШҚ пайдасына 11,8 млн АҚШ доллары сомасына JAC S3 және JAC S5 маркалы 766 автомобильді жеткізуге аккредитивті қаржыландыруға келісім жасалды. Бұл JAC брэндінің 93,5 млн АҚШ долларының баламасы болып табылатын 5 000 автомобилі мөлшерінде жоспарланып отырған жеткізу аясындағы бірінші мәміле.

Татарстан Республикасындағы шетелдік өкілдің қолдауымен жүзеге асырылған нәтижелі жобалардың

бірі болып, Ресей Федерациясына Қазақстанда жиналған автомобильдерді жеткізу табылады. «СарыарқаАвтоПром» ЖШС мен «УзАвтоМоторс СНГ» ЖШҚ арасында жасалған экспорттық келісімшарттарға сәйкес шамамен 15 млрд теңге жалпы самасында қазақстандық автомобильдерді жеткізу жөніндегі келісімге қол жеткізілді.

Қытай Халық Республикасындағы шетелдік өкілдің қолдауымен «Wuhan Asia Europe Logistics Co., Ltd» компаниясымен Хубэй Провинциясында қазақстандық экспортты бірлесе отырып ілгерілету жөніндегі келісімге қол жеткізілді. Атқарылған жұмыс нәтижесінде «Wuhan Zhongshang Supermarket Chain Co., Ltd» сауда желісінің дүкендерінің бірінде қазақстандық азық-түлік бөлімі ашылды. Сонымен қатар, «Hunan Zhonghong Investment Management Co., Ltd» компаниясымен қазақстандық өнімге қызығушылық танытатын барлық көтерме сатып алушылар қызықтыратын тауарларын таба алатын қазақстандық өнім павильонын ашу туралы келісімге қол жеткізілді.

2019 жылы KazakhExport өкілдері Ресей Федерациясымен, Беларусь Республикасымен, Әзербайжан Республикасымен, Иран Ислам Республикасымен, Корея Республикасымен, Қырғыз Республикасымен, Өзбекстан Республикасымен, Тәжікстан Республикасымен және Литва Республикасымен бірлесе отырып халықаралық үкіметтік комиссияларға қатысты.

2019 жылдың мамыр айында Еуразиялық даму банкі (ЕАДБ) және

KazakhExport арасында Еуразиялық экономикалық одақ аясында және одан тыс жерлерге қазақстандық тауарлардың, жұмыстарының және қызметтерінің экспортының көлемдерін арттыру бойынша мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған экспортқа қолдау көрсету саласында іскерлесу жөніндегі келісімге қол қойылды. Келісім аясында ЕАДБ қазақстандық тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді экспорттаушылардың тәуекелдерін сақтандыруды дамыту мақсатымен ұйымдастырылған бірлескен шараларға қатысады.

Омск қаласында 2019 жылдың қарашасында өткізілген форум аясында «Москоммерцбанк» АҚ экспорттық саудалық қаржыландыру бойынша іскерлесу жөніндегі келісімге қол қойылды.

Жүйе құрушы ресейлік банктермен экспорттық саудалық қаржыландыру бойынша жасасқан алғашқы мәмілелер жүзеге асырылды - «Банк ВТБ» ҚАҚ ферросилиций жеткізулерін қаржыландыруға, «ФК Открытие» Банкі ҚАҚ трансформаторлардың жеткізулерін қаржыландыруға, «Совкомбанк» ҚАҚ аккумуляторлардың жеткізулерін қаржыландыруға.

2019 жылдың қазан айында KazakhExport компаниясының Moody's Investors Service қаржылық сенімдік рейтингі «Baa3» деңгейінде расталды, қаржылық сенімділік рейтингі бойынша болжам «тұрақты» деңгейінен «оң» деңгейіне ауыстырылды.

Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы, «Даму» КДҚ» АҚ және «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қолданыстағы инфрақұрылымының негізінде барлық 14 облыс орталығында және Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент серіктес компаниялар қызметкерлерін KazakhExport өнімдеріне үйрету жүзеге асырылды. Оқытушы семинардан өткен тұлғалардың жалпы саны: «Даму» КДҚ» АҚ - 74 қызметкер, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ - 46 қызметкер, Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы - 52 қызметкер.

Қосымша түрде 2019 жыл барысында екінші деңгей банктерінің (бұдан былай – ЕДБ) қызметкерлерін ақпараттық-тарату материалдарымен қамтамасыз ете отырып оқытумен қамту жүзеге асырылды. Оқытумен қамтылған өңірлік бөлімшелердің (ЕДБ филиалдарының) жалпы саны – 106, қатысушылар саны – ЕДБ 263 қызметкері.

3-стратегиялық бағыт.
Оралымдық тиімділікті арттыру.

2019 KazakhExport қызметкерлері үшін шетелдердегі тағылымдамалар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, Компания қызметкерлерінің тәжірибе алмасу желісі бойынша SACE итальяндық экспорттық сақтандыру агенттігімен және ЭКСАР экспорттық несиелерді және инвестицияларды сақтандыру бойынша ресейлік агенттігімен тәжірибе алмасуға қатысуы ұйымдастырылды. Berne Union одағына мүшелік және тәжірибе алмасу аясында Компания қызметкерлері тәуекелдер менеджментіне оқытуға және берешектерді өндіріп алу жөніндегі мамандар отырысына қатысты. Еуразиялық экономикалық одақ меморандумы аясында Компания қызметкерлері «БелЭксимГарант» белорустық компанияда тағылымдамадан өтті. «K-SURE» Кореялық Саудалық сақтандыру Корпорациясында экспорттық несиелерді және инвестицияларды сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша оқыту ұйымдастырылды. ЭКСАР экспорттық несиелерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі агенттікпен KazakhExport қызметкерлерінің тағылымдамасы мен серіктес елдермен (Польша Республикасымен, Ресей Федерациясымен, Біріккен Араб Әмірліктерімен, Жапония Мемлекетімен, Беларусь Республикасымен) қызметкерлердің тағылымдамасына және серіктес елдермен қызметкерлер алмасу бойынша іскерлесу жөніндегі келісімдер келіссөздер кезеңінде.

Кәсіпкерлерге барлық деңгейлерді бір терезе қағидасы бойынша қолдау көрсету мақсатымен «Digital Baiterek» бірыңғай ақпараттық жүйесі тәжірибелік пайдалануға енгізілді. Бұл алаң аясында KazakhExport экспорттаушыларды қолдаудың 6 шарасын жүзеге асыруда:

1. Қарыздарды ерікті сақтандыру;
2. Банк төлемдік кепілдіктерін сақтандыру;
3. Экспорттаушының алдын ала төлемді қайтару бойынша жауапкершілігін сақтандыру;
4. Қаржылық лизингті ерікті сақтандыру;
5. Экспорттаушының несиесін сақтандыру (экспорттық келісім-шарт бойынша төлемді кейінге қалдыруды сақтандыру);
6. Экспорттық саудалық қаржыландыру.

Компанияның оралымдық тиімділігін арттыру үшін 2019 жылы 1С есептік жүйесінде 17 есеп автоматтандырылды, «Қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру» скоринг қызметі енгізілді.

Валюталық тәуекелдерді басқару мақсатымен тәуекелдер менеджментімен шетелдік валютада қабылданған сақтандыру міндеттемелерін активтермен салыстыру механизмі әзірленді. Мониторинг негізінде KazakhExport алқалық органымен шетелдік валютадағы ақша қаражаттарының сақтандыру міндеттемелерін орындау үшін жеткіліктілігі және шетелдік валютадағы активтердің тапшылығы жағдайында ақша қаражаттарын конвертациялау орындылығы анықталады.

Қазан



Ресей Федерациясы,
Қазан қ., Н. Ершов көш., 1а,
1119 кеңсе
Тел.: +7 937 770 11 11

ОРАЛЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Сыртқы ортаны шолу

Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің көлемі 2019 жылы 4,5%, 68,6 трлн теңгеге дейін артты. Экономикалық өсімді, ең алдымен, мемлекеттік инвестициялар және өсіп отырған тұтынушылық сұраныс қамтамасыз етті.

Доллардың 2019 жыл барысындағы орташа бағамы бір доллар үшін 382,75 теңгені құрады, бұл 2018 жылғы көрстекіштен 11% артық. 2019 жылы инфляция 5,4%-ды құрады.

ҚР ҰЭМ статистика жөніндегі Комитетінің деректеріне арқа сүйесек, 2019 жылы өнеркәсіптік өндіріс индексі 103,8%-ды құраған. Өндіріс көлемдерінің өсуі республикамыздың 15 өңірінде, азаюы Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстарында байқалды. Тау-кен өндірісінде өнеркәсіптік өндіріс индексі 2019 жылы 103,7%-ды құрады. Өңдеу өнеркәсібінде өндіріс өсімі 4,4%-ды құрады. Атап айтқанда, азық-түлік пен сусындар өндірісі (110,2%), мұнай өңдеу өнімдері (106,6%), негізгі асыл және түсті металлдар (106,8%) және машина жасау өндірісі (120,9%) артты.

KazakhExport қызметі сақтандыру құралдарын жүзеге асыру арқылы елдің шикізаттық емес экспортын дамытуға бағытталған. KazakhExport қызметіне әсер ететін негізгі макроэкономикалық көрсеткіш болып экономиканың өңдеуші секторының өнімдерінің экспорты табылады.

Жалпы ішкі өнім динамикасы



Деректер көзі: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті

Өнеркәсіп динамикасы



Деректер көзі: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті

2019 қорытындылары бойынша ҚР экспортының құрылымы



Деректер көзі: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті

ҚР экспорты, млн $



Деректер көзі: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті

Экспорт, млн $



2019 жыл нәтижелері бойынша Қазақстанның өңделген экспорты



«KazakhExport» ЭСК» АҚ қолдаған тамақ өнеркәсібі өнімдерінің экспорты, млн $



«KazakhExport» ЭСК» АҚ а/ш өнеркәсібі өнімдерінің экспорты, млн $



2020 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша сақтандыру нарығының құрылымы 28 компаниямен[1] танытылған. Экспорттық несиелерді және шетелдерге инвестицияларды төлемеу тәуекелдерінен сақтандыру Қазақстанның сақтандыру компанияларының көбінде қолдарындағы лицензиялардың аясында осы қызмет түрін жүзеге асыру құқығына ие болуларына қарамастан Қазақстан нарығында тек KazakhExport Компаниясымен ғана жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының құрылымы

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.01.2018 ж.	01.01.2019 ж.	01.01.2020 ж.
Сақтандыру (қайта сақтандырушы) ұйымдарының саны	32	29	28
Соның ішінде өмірді сақтандыру бойынша	*7*	*6*	*8*
Сақтандыру брокерлерінің саны	15	15	13
Актуарийлер саны	58	56	57
«Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру Қоры» АҚ қатысушылары болып табылатын (қайта сақтандырушы) ұйымдарының саны	22	23	25
Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру ұйымдарының өкілдіктерінің саны	3	3	3

[1] Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің «ҚР сақтандыру секторының ағымды ахуалы» есебінің деректеріне сәйкес

Сақтандыру қызметінің көрсеткіштері

Соңғы жылы KazakhExport қазақстандық тауарларды экспорттаушыларына көрсетілетін қолдаудың сенімді өсімін көрсетуде.

2019 жылы KazakhExport қолдауын Қазақстанның барлық өңірлеріндегі 80-нен астам өндіруші экспорттаушы алды, соның ішіндегі 42 кәсіпорын қолдауды бірінші рет алды. Осындай нәтижелерге қол жеткізу құралдар желісін дамыту бойынша жұмысты атқару және екінші деңгей банктерін және даму институттарын іскерлесуге тарту нәтижесінде мүмкін болып отыр.

Компанияның қызметінің басынан бастап қолдаумен машина жасау, металлургия, химия, тамақ және жеңіл өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен (ет өңдеу, жұмыртқа өндіру, көкөніс өсіру және т. б.) сияқты салалардың шамамен 107 кәсіпорны қамтылды.

Экспортқа көрсетілген сақтандыру қолдауын көрсету көлемі 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда 7,6%-ға артты. 2019 жыл барысында 368 экспорттық келісімшарттарға 544 млрд теңге жалпы сомасындағы қолдау көрсетілді, бұл 2018 жылдың ұқсас көрсеткішінен 39% артық.

2019 жыл барысында KazakhExport компаниясымен 384 шетелдік импорттаушы контрагент мекенжайына жүзеге асырылған 1 468 экспорттық жөнелтім сақтандырылды. 699 келіп түскен өтінім жағдайында 458 сақтандыру шарты жасалды.

Сақтандыру қызметінің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіш атаулары	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.
Қабылданған міндеттемелер көлемі *(млн теңге)*	40 087	90 197	97 076
Сақтандыру шарттары бойынша сыйлықақылар көлемі *(мың теңге)*	1 060 186	2 119 505	2 390 138
Қолдау көрсетілген экспорттық келісімшарттардың сомасы *(млн теңге)*	196 137	419 778	543 893
Берілген саудалық қаржыландыру көлемі *(млн теңге)*	2 454	10 265	10 395*
Берілген экспорт алды қаржыландыру көлемі *(млн теңге)*	4 803	6 911	11 813
Қолдау көрсетілген өндірушілердің саны	42 (42)	50 (27)	82 (42)
Сақтандыру шарттарының саны	203	334	458
Шетелдік сатып алушылар саны	108	191	384

* ЕДБ қаражаттары есебінен 4,6 млрд теңге сомасында СҚ бойынша жобалар қосымша түрде қаржыландырылды

Экспорттық келісімшарттардың саны және сомасы



Қабылданған міндеттемелер көлемі, млн теңге



Елдер бойынша 2019 жыл барысында қабылданған міндеттемелер, млн теңге



KazakhExport 2019 жыл барысында қолдау көрсеткен басым секторлар

Тамақ өнеркәсібі
44 359
242 325
МЛН ТЕҢГЕ

Металлургия
18 388
125 679
МЛН ТЕҢГЕ

Қызметтер/жұмыстар экспорты
10 212
32 610
МЛН ТЕҢГЕ

Машина жасау
7 394
44 665
МЛН ТЕҢГЕ

АӨК – дайын өнімдер
7 254
47 429
МЛН ТЕҢГЕ

Химия өнеркәсібі
6 335
16 183
МЛН ТЕҢГЕ

Жеңіл өнеркәсіп
2 240
33 137
МЛН ТЕҢГЕ

Өзгесі
895
1 866
МЛН ТЕҢГЕ

Барлығы
97 076
543 893
МЛН ТЕҢГЕ

Қабылданған міндеттемелер көлемі

Экспорттық келісімшарт сомасы

2019 жылы KazakhExport қолдауымен жүзеге асырылған ірі мәмілелер

№	Экспорттаушы	Сақтандыру өнімі	Сала	Өнім	Қабылданған міндеттемелер көлемі (млн теңге)
1	«KSP Steel» ЖШС	Экспорттық құжаттық аккредитивтерді сақтандыру, Экспорттық несиелерді сақтандыру	Металл өңдеу	Болат жіксіз құбырлар	13 396,5
2	«AAEngineering Group» ЖШС	Қарыздарды сақтандыру	Қызметтер/ жұмыстар экспорты	Жобалау және құрылыс	9 762,1
3	RG «Brands Kazakhstan» ЖШС	Қарыздарды сақтандыру Экспорттық несиелерді сақтандыру Қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру	Тамақ өнеркәсібі	Шырындар, сусындар, су	9 408,1
4	«Баян Сұлу» АҚ	Қарыздарды сақтандыру Экспорттық құжаттық аккредитивтерді сақтандыру Қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру	Тамақ өнеркәсібі	Кондитерлік өнімдер	7 505,5
5	«Рахат» АҚ	Экспорттық құжаттық аккредитивтерді сақтандыру Қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру	Тамақ өнеркәсібі	Кондитерлік өнімдер	5 916,8
6	«АқсуҚант» ЖШС	Қарыздарды сақтандыру	Тамақ өнеркәсібі	Қант, сығынды	4 000,0
7	«Полимер Продакшн» ЖШС	Экспорттық құжаттық аккредитивтерді сақтандыру, Қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру, Экспорттық несиелерді сақтандыру	Химиялық өнеркәсіп	Полимерлік өнімдер	3 976,4
8	«Green Capital Kazakhstan» ЖШС	Қарыздарды сақтандыру	АӨК - дайын өнімдер	Қияр, қызанақ	3 512,6
9	«АкТеп» ЖШС	Қарыздарды сақтандыру	АӨК - дайын өнімдер	ІҚМ ет өңдеу	2 970,0
10	«Масло-Дел» ЖШС	Қарыздарды сақтандыру	Тамақ өнеркәсібі	Май-тоң май өнімдері	2 800,0

«KSP Steel» ЖШС, Павлодар қаласы

Мұнай-газ өнеркәсібі үшін жіксіз құбырларды өндіруші алғашқы қазақстандық кәсіпорын, негізі 2007 жылдың басында қаланған. Компанияның өндірістік орталығы Павлодар қаласында орналасқан, зауыт жұмысын Алматы қаласында орналасқа бас кеңсе үйлестіреді. Кәсіпорынның өндірістік нысандары орналасқан жалпы аудан шамамен 133 га құрайды. Мамандар саны – 7 500 адамнан астам.

Экспорт үлесін арттыру және әлемдік нарыққа шығу үшін экспорттық несиені сақтандыру, экспорт алды қаржыландыру және экспорттық саудалық қаржыландыру бөлігінде қолдау көрсеткен «KazakhExport» ЭСК» АҚ жүгінді.

2019 жыл барысында саудалық қаржыландыру схемасы бойынша Ресей Федерациясына шамамен 900 млн ресей рублі сомасында жіксіз құбырлардың ірі партиясын экспорттау мақсатымен «KSP Steel» ЖШС мәмілелері қаржыландырылды. Сонымен қоса, 2019 жылы «KazakhExport» ЭСК» АҚ «Альфа-Банк» ЕБ АҚ бірлесе отырып экспорттаушының несиесін сақтандыру және экспорт алды қаржыландыру бойынша 8,6 млрд теңге сомасында айналым қаражаттарын толықтыруға қолдау көрсетті. Көрсетілген қолдау арқасында компания Ресей Федерациясына болат жіксіз жиіктеу, мұнай, сорғы-копрессорлық құбырлардың және муфталардың экспортының көлемдерін ұлғайта алды. Кәсіпорынның экспорттық пайдасының көлемі 2019 жыл барысында 37,88 млрд теңгеге өсті.

«RG Brands Kazakhstan» ЖШС, Алматы қаласы

1994 жылы құрылған сусындар мен азық-түлікті өндіруші ірі қазақстандық кәсіпорын, Қазақстанның солтүстігі мен оңтүстігінде жалпы қуаты жылына 750 миллион литрді құрайтын 4 өндірістік алаңға ие.

2017 жылы «RG Brands Kazakhstan» ЖШС айналым қаражаттарын толықтыру үшін «KazakhExport» ЭСК» АҚ сақтандыру қорғанысымен қаржыландыру тарту мақсатымен «Еуразиялық даму банкіне» жүгінді. «KazakhExport» ЭСК» АҚ «Қарызды сақтандыру» өнімі бойыша көрсеткен қолдауының арқасында компания 36 ай мерзіміне 1,27 млрд ресей рублі сомасындағы қаржыландыруды ала алып, бұл толық көлемде шикізат сатып алу мен шетелдік контрагенттері алдындағы міндеттемелерін орындау мүмкіндігін берді.

2019 жылы айналым қаражаттарының қажеттілігіне байланысты экспорттаушы «KazakhExport» ЭСК» АҚ «Қарызды сақтандыру» өнімі бойыша сақтандыру қорғанысын алу үшін қайта жүгінді. «KazakhExport» ЭСК» АҚ 7 жыл барысында қаржыландыру туралы жаңа келісім жасасу жөнінде шешім қабылданды. Сонымен қатар, 2019 жылдан экспорттаушының жеті экспорттық келісімшарты «Қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру» өнімі бойынша сақтандырылған, олар бойынша қабылданған міндеттемелер сомасы 1,2 млрд теңгені құрады.

«AAEngineering Group» ЖШС, Алматы қаласы

Қазақстан Республикасының таукен саласында кешендік жобаларды ең жоғарғы әлемдік стандарттарға сәйкес «толық аяқталған» күйінде жүзеге асыруға маманданатын жетекші инжиниринг тік және құрылыс компаниясы. Компания қызметін 1994 жылдан бастап жүзеге асырады. Компания штаты 1 028 адамнан тұрады, соның ішінде 823 адам – өңірлік филиалдар мен құрылыс алаңдары, 205 адам – Алматы қаласындағы орталық кеңсе.

Компания Алматы қаласында жеке өндірістік базаға және 154 бірліктен тұратын жоғары өнімділікті құрылыс техникасының паркіне ие. Экспорт үлесін арттыру және әлемдік нарыққа шығу үшін экспорттық несиені сақтандыру бөлігінде қолдау көрсеткен «KazakhExport» ЭСК» АҚ жүгінді. Ертеректе, 2018 жылы «KazakhExport» ЭСК» АҚ «Қазақстан даму Банкі» АҚ бірлесе отырып «Қазақстан даму Банкі» АҚ 31 млн АҚШ доллары сомасындағы шығарылған банк кепілдіктері бойынша сақтандыру қорғанысын қамтамасыз ету жолымен қолдау көрсетті. Экспорттаушыға алдын ала төлем кепілдігі және экспорттаушы мен «Алтын Альянс» ЖШҚ арасында жасалған келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалуының кепілдігі шығарылды. Ағымды мезетте экспорттаушы алтынды бөліп алу фабрикасын жобалау, құрал-жабдықтарды және құрылысы бойынша міндеттемелерді орындауда (Жерүй кен орны), экспорттық келісімшарт сомасы 107,5 млн АҚШ долларын құрайды. 2019 жылы «KazakhExport» ЭСК» АҚ «RBK Bank» АҚ бірлесе отырып «AAEngineering Group» ЖШС «Bank RBK» АҚ алдындағы міндеттемелері бойынша сақтандыру қорғанысын қамтамасыз ету жолымен 35 млн АҚШ доллары көлеміндегі айналым қаражаттарын толықтыруға алынған қарызды сақтандыру бойынша қолдау көрсетті. Алынған несие қаражаттарының есебінен экспорттаушы «Джамгыр Майнинг» компаниясымен жасалған экспорттық келісімшарт бойынша алтынды бөліп алу фабрикасын жобалау, құрал-жабдықтарды және құрылысы бойынша міндеттемелерді орындауда (Жамғыр кен орны), экспорттық келісімшарт сомасы 49,7 млн АҚШ долларын құрайды.

«Рахат» АҚ, Алматы қаласы

«Рахат» АҚ тарихы 75 жылдан бері келе жатқан Қазақстандағы кондитерлік өнімдердің ең ірі өндірушілердің бірі болып табылады. «Рахат» АҚ-да шамамен 4 500 адам жұмыс істейді Өндірістік қуаттары Алматы қ. және Шымкент қ. екі алаңда орналасқан. Қазіргі таңда «Рахат» АҚ ассортименттік қоржынында 14 түрлі топтарға жаттатын түрлі кондитерлік өнімдердің 400 астам атауы бар. 2013 жылы Оңтүстік Кореяның жетекші кондитерлік компаниясы LOTTE Confectionery «Рахат» АҚ акцияларының негізгі пакетін сатып алды. 2019 жылы LOTTE Confectionery, «Рахат» АҚ айналымдағы акцияларын сатып ала отырып, өзінің үлесін 95,5656% дейін жеткізді. Қазіргі таңда «Рахат» АҚ өнімдері қазақстандық нарықта ғана емес, республикадан тыс шалғай жерлерде де - Ресей, Беларусь, Әзербайжан, Өзбекстан, Түркменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Германия, Қытай, Ауғаныстан, Моңғолия аумақтарында да танымал. Болашақта, «Рахат» АҚ өнімдеріне ТМД өзге республикаларының және алыс шетелдерінің тарапынан қызығушылық танытылуына байланысты, Компания өндіріс көлемдерін арттырып, экспорт көлемдерін ұлғайту арқылы сату нарықтарын кеңейтуді жоспарлап отыр.

KazakhExport қолдауының арқасында компания «Қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру» қаржылық-сақтандыру қолдау құралын пайдаланды, бұл компанияға 2019 жылдың басында төлемді кейінге шегеру шарттарымен жасалған экспорттық келісімшарттар аясында 5,619 млрд теңге сомасында өнімді экспортқа сатудың жылдық айналымын сақтандырды, осылайша, бұл «Рахат» АҚ компаниясына жөнелтілген тауар үшін төлемеу тәуекелін барынша азайтып: РФ, Тәжікстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Моңғолия сияқты елдерге сату көлемдерін арттыру мүмкіндігін берді.

Қоса айта кететін жайт, «Экспорттық саудалық қаржыландыру» өнімін пайдалану арқасында, KazakhExport «Рахат» АҚ компаниясының ресейлік импорттаушысының (Новосибирск қ.) 300 млн теңге сомасына өнім сатып алуға жеңілдікпен рубльде қаржыландырылуын қамтамасыз етті.

«Баян Сұлу» АҚ, Қостанай қаласы

1974 жылы жылы құрылған кондитерлік фабрика қазіргі таңда жалпы өндірістік қуаттарының көлемінің шамамен 30%-ды экспорттайды. Өнімдері Ресей, Қытай, Германия, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Моңғолия және Әзербайжан сияқты елдерге жөнелтіледі. Жыл сайын бүкіл әлем бойынша қазақстандық кәсіпорынмен өндірілген шоколадының, күлшелерінің, карамелінің және өзгедей тәттілерінің шамамен 20 мың тоннасы тұтынылады. Компанияда бүкіл ел бойынша орналасқан 14 филиалда 1 722 адам жұмыс істейді.

Фабрикаға «KazakhExport» ЭСК» АҚ сақтандыру компаниясымен шетелдік сатып алушылармен жасалған келісімшарттар бойынша төлемеулер тәуекелдерін сақтандыру түрінде көрсетілетін мемлекеттік қолдау арқасында «Баян Сұлу» АҚ экспорты жоспарлы түрде ұлғаюда.

Оған қоса, экспорттаушыға өзі бойынша несиелендіруші болып «Қазақстан даму Банкі» АҚ табылатын «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму Мемлекеттік бағдарламасы аясында шикізатты сатып алуға экспорт алды қаржыландыру бағдарламасы бойынша қолдау көрсетіледі.

«АқсуҚант» ЖШС, Алматы облысы

Алматы облысының Ақсу ауданының Жансүгіров ауылында орналасқан Ақсу қант зауыты 1967 жылы салынған және Қазақстанның қант өндіру бойынша жетекші зауыттарының бірі болып табылған. Шикізатпен – қант қызылшасымен қамтамасыз етілуінің іркілістеріне байланысты, зауыт 2007 жылы қызметін уақытша тоқтатты. 2017 жылдың 1 наурызында Алматы облысы Әкімдігі мен «ЭНЕРГОМОСТ» Консорциумы арасында Ақсу қант зауытын қалпына келтіру бойынша инвестициялық жобаны жүзеге асыру бойынша өзара іскерлесу жөніндегі Меморандумға қол қойылды. Ақсу қант зауыты өндірісінің қорытынды өнімі болып ақ құмшекер табылады. Негізгі шикізат болып қант қызылшасы мен аршылмаған қамыс табылады.

2019 жылы компания инвестициялық мақсаттарда (2,4 млрд теңге) айналым қаражаттарын толықтыру мақсаттарына (1,6 млрд теңге) 4,0 млрд теңге сомасындағы қаржыландыру үшін «Қарыздарды сақтандыру» өнімінің аясында KazakhExport сақтандыру өтеуімен банкке жүгінді. KazakhExport қолдауын алып, несиелік қаражаттарды игергеннен кейін компанияда шикізат сатып алу көлемдерін елеулі түрде арттыру, яғни, өндірілетін өнім көлемін ұлғайту және ескірген құрал-жабдықтарды ауыстыру бөлігінде өндірісін жетілдіру және негізгі құралдарды сатып алу мүмкіндігі пайда болды, бұл қант қызылшасын өңдеу барысында қант шығысын 11% көрсеткішінен 14%-ға дейін, ал аршылмаған қамысты өңдеу барысында қант шығысының көрсеткішін 98% жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етті.

Компанияның дайын өнімінің шығысы 2020 жылғы жылына 99 000 тоннадан 2020 жылы жылына 147 000 тоннаға дейін арттырылатын болады. Осылайша, KazakhExport қолдауының арқасында, ішкі тұтынуға да, экспорттауға да арналған өндірілген қант көлемі ұлғаюда.

«Полимер Продакшн» ЖШС, Атырау қаласы

«Полимер Продакшн» ЖШС «Атырау облысында полимерлік өнімдерді өндіру» инвестициялық жобасын жүзеге асыруда. Жобаны жүзеге асыру орны: Атырау қ. «Ұлттық индустриалдық мұнайхимия технопаркі» арнайы экономикалық аумағы. Компания полимерлік өнімдерді өндіру (биаксалды бағытталған полипропилен үлдірі, үш қабатты полиэтилен үлдірі, полипропилен қаптар). Кейіннен үлдірден парфюмерлік өнімдерінің, темекі бұйымдарының, салқындатушы сусындардың қаптамасын, ұн мен құрылыс қоспаларына арналған қаптар және көптеген өзгесі өндіріледі.

2015 жылы ашылған зауыттың құрылысына 91,2 млн доллар инвестицияланды. Құрал-жабдықтар Германия мен Австриядан жеткізілді. Зауыт өнімдерін Қазақстан ішінде Орталық Азия елдеріне және, негізгі (экспорттың 60%-ға дейін) сату нарығына айналған Ресейге жеткізіледі.

Ертеректе, 2017 жылы, KazakhExport «Полимер Продакшн» ЖШС ЕДБ экспорт алды қаржыландыруды қамтамасыз ету жолымен қолдау көрсетуі, бұл экспорттаушыға өндірістік қуаттарын арттырып, экспорт географиясын кеңейту мүмкіндігін берді.

2019 жылы KazakhExport «Полимер Продакшн» ЖШС-не екі қолдау құралы бойынша қолдау көрсетті: қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру және құжаттық аккредитивтерді сақтандыру. Шетелдік нарықтарда нәтижелі бәсекелестік пен тәуекелдерін барынша азайту үшін «Полимер Продакшн» ЖШС 14 шетелдік сатып алушы бойынша экспорттық келісімшарттарды 3 522 351 000 теңге сомасына сақтандырды.

«Green Capital Kazakhstan» ЖШС, Ақтөбе қаласы

«Green Capital Kazakhstan» ЖШС Ақтөбе қаласының маңындағы Пригородное ауылында орналасқан, жалпы ауданы 21,7 га құрайтын 5-буын жылыжай кешенінің құрылысы бойынша жобасы. «KazakhExport» ЭСК» АҚ қарыздарды сақтандыру түрінде көрсететін мемлекеттік қолдау арқасында компания кешен құрылысы және KUBO Greenhouse Projects B.V. құрал-жабдықтарын сатып алу бойынша инвестициялық қарыз қаражаттарын алып отыр.

Жоба үш кезекті кезеңнен тұрады (бірінші кезең – 2017–2018 жылдары – 6,7 га; екінші кезең – 2018–2019 жылдары – 5 га; үшінші кезең – 2020–2021 жылдар - 10 га).

Қазіргі мезетте қолдау құрылыстың алғашқы екі кезеңі бойынша қарызды сақтандыру құралы бойынша 9 097 398 707 теңге жалпы сомасында көрсетілді.

Сонымен қатар, компанияға Ресей Федерациясының ірі сауда желілеріне экспорттық жеткізулер бойынша экспорттық несиені сақтандыру түрімен 13 700 000 рубль жалпы сомасында қолдау көрсетілді.

«АкТеп» ЖШС, Ақтөбе қаласы

Құрамына «Ақтөбе ет кластері» ЖШС, «АкТеп» ЖШС, «Алға экспорттық компаниясы» ЖШС кіретін «АкТеп» компаниялар Тобы қуаты бірден күтілетін 13 000 басқа арналған бордақылау алаңын; қуаты 8 000 бас ұрғашы малды құрайтын репродуктор; сонымен қатар, қуаты 4 500 бас ұрғашы малды құрайтын 9 (қыстақ); қуаты жылына 7 200 тоннаны (сағатына 15 бас ірі қара) құрайтын ет комбинатын қамтиды. Кешенде сиыр етін ала отырып еттің 100% өңделуі және жем мен ІҚМ жинау бойынша шамамен 400 бастаушы серіктестер, соның ішінде өздеріне 8 000 бас асыл тұқымды ұрғашы мал бағуға берілген 800 фермерлік шаруашылықтың өндіріс қалдықтарынан өнімді емес малға жем алынады.

КТ ІҚМ саны 01.05.2020 ж. жағдай бойынша асыл тұқымды мал (репродуктор) 20 198 бас және бордақылаудағы ІҚМ 8 776 бас құрайды.

Экспорт үлесі түсімнің жалпы көлемінің 74% құрайды.

«KazakhExport» ЭСК» АҚ қарызды сақтандыру түрінде көрсетіп отырған мемлекеттік қолдау арқасында компания кейіннен етті Өзбекстан Республикасының, Қытай Халық Республикасының нарықтарына экспорттау үшін ІҚМ сатып алуға 2 970 000 000 теңге сомасындағы айналым капиталына қол жеткізіп отыр.

«Масло-Дел» ЖШС, Алматы қаласы

«Масло-Дел» ЖШС - Қазақстандағы азық-түлік өндіруші ең ірі компаниялардың бірі болып табылады. Қазіргі таңда «Масло-Дел» ЖШС өндіретін ассортимент 100 астам өнім түрін қамтиды: сары және өсімдік майлары, өнеркәсіптік арнаудағы тоң майлар, маргариндер, майонездер, кетчуптер, қызанақ езбесі, ұзақ сақталатын сүт, қойылтылған сүт. Компания құрамына: «Масло-Дел Петропавл» ЖШС (Петропавл қаласындағы сүт және сүт өнімдерін өндіру зауыты), «Масло-Дел» ЖШС филиалы – Алматы қаласындағы май-тоң май комбинаты (шикі майды өңдеу және құтыларға құю), «Масло-Дел» ЖШС филиалы - май сығу зауыты (рапс, күнбағыс және өзгедей майлы дақылдар дәндерін өңдеу), «МАСЛОДЕЛ-ТРЕЙД» ЖШС (Қазақстанның 21 қаласындағы сауда желісімен танытылған дистрибьюторлық компания), «Масло-Дел» Food ЖШС филиалы (Алматы қаласындағы сары май, қойылтылған сүт, өсімдік майларын, маргариндерді өндіруші зауыт) сияқты компаниялар кіретін «МАСЛО-ДЕЛ» КТ құрамына кіреді. Қазіргі таңда кәсіпорын: сары май және маргарин - 54 тонна/тәулігіне, сүт консервілері - 37 тонна/тәулігіне, қызанақ езбесі - 34 тонна/тәулігіне, майонез - 17 тонна/тәулігіне.

KazakhExport қаржылық-сақтандыру құралының көмегімен «Масло-Дел» ЖШС компаниясы «Қазақстан даму Банкі» АҚ айналым қаражаттарын толықтыру үшін 2,8 млрд теңге мөлшерінде қаржыландыру алу мүмкіндігіне ие болды, бұл, өз кезегінде, қосымша шикізатты сатып алуды жүзеге асырып, Қытайға, РФ-на, Ауғаныстанға, Эстонияға, Иранға, Қырғызстанға, Өзбекстанға, Тәжікстанға, Түркменстанға экспортталатын өнім көлемін арттыру мүмкіндігін қамтамасыз етті.

Сиань



ҚХР, Шэньси провинциясы,
Сиань қ., Халықаралық порт аумағы
Порт Авеню,
Лу Ганг ғимараты, блок А, 1908
Тел.: +7 776 676 12 34

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

KazakhExport активтері 2019 жылдың нәтижелері бойынша 81%-ға, 88,2 млрд теңгеге дейін өсті. Жеке капиталы 2019 жылдың соңында 79,2 млрд теңгені құрап, 83%-ға өсіп, міндеттемелер (сақтандыру резервтері) 9 млрд теңгені құрады. Өткен жылы өткізілген капиталдандыру Компанияға экспорттаушыларға көрсетілетін қолдау масштабтарын арттыру мүмкіндігін береді.

Жалпы табыс 2019 жылдың нәтижелері бойынша 8,2 млрд теңгені құрады және 2018 жылмен салыстырғанда 28%-ға өсті.

Негізгі қызметтен түскен табыс 2,9 млрд теңгені құрады, соның ішінде:
2,4 млрд теңге - сақтандыру сыйлықақыларынан түскен табыстар;
0,3 млрд теңге - шартты салымдардан түскен табыстар;
0,074 млрд теңге - қайта сақтандыру сыйлықақыларынан түскен табыстар.

Жалпы шығындар 2019 жылдың нәтижелері бойынша 15%-ға, 5,5 млрд теңгеге дейін өсті. Негізгі қызметпен байланысты шығындар 4,3 млрд теңгені құрады, соның ішінде сақтандыру төлемдерінің таза сомасы 240 млн теңгені құрады. Әкімшілік шығындардың жалпы сомасы 2019 жылдың нәтижелері бойынша 1,6 млрд теңгені құрады.

Компанияның 2019 жылы тапқан таза пайдасы шамамен 2,4 млрд теңге, бұл 2018 жылдың көрсеткішінен 49%-ға артық. 2019 жыл барысындағы қызмет нәтижелері бойынша тиімділік 3,44%-ды құрады.

Активтер, капиталдар және міндеттемелер (сақтандыру резервтерінің) динамикасы, млн теңге



Табыстар мен шығындар динамикасы, млн теңге



Душанбе



Тәжікстан Республикасы,
Душанбе қ,, Айни көш., 48,
«Созидание» БО
Тел.: +992 93 505 0777

САТЫП АЛУЛАР ТӘЖІРИБЕСІ

Сатып алулар процедурасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің бірінші Орынбасарының 2019 жылдың 31 қазанындағы № 1201 бұйрығымен бекітілген ұлттық басқарушы холдингтермен, ұлттық холдингтермен, ұлттық компаниялармен және өздерінің дауыс беруші акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық холдингтерге, ұлттық компанияларға тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алулардың жаңа Ережелері (бұдан былай – Сатып алу ережелері) әзірленген.

Аталған Сатып алу ережелері жалпымен қабылданған сатып алулар қағидаларына негізделген, соның ішінде:

- сатып алуға арналған қаражатты барынша оңтайлы және тиімді жұмсау;
- сатып алу процессінің ашықтығы және айқындығы;
- әлеуетті жеткізушілерге сатып алу процессіне қатысудың тең мүмкіндіктерін беру;
- әлеуетті жеткізушілер арасындағы әділ бәсекелестік;
- сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі;
- сыбайлас-жемқорлық нышандарына жол бермеу.

Сатып алуға арналған қаражатты барынша оңтайлы және тиімді жұмсау және сатып алу процессінің ашықтығы және айқындығы қағидалары аясында әлеуетті жеткізушілердің конкурстық санын арттыруды және олардың арасындағы бәсекелестікті қамтамасыз ететін түрлі құралдар пайдаланылады, соның ішінде жоспарланып отырған сатып алулар жөніндегі ақпараттық тарату түріндегі сатып алуларға алдын ала шақыру, сатып алулар Жоспарын және оған енгізілетін өзгертулерді Компанияның ресми сайтында жариялау.

Оған қоса, осы қағидаларды ұстану және әлеуетті жеткізушілерге сатып алу процессіне қатысудың тең мүмкіндіктерін беру және әлеуетті жеткізушілер арасындағы әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету мақсаттарында KazakhExport 2017 жылдан бастап Еуразиялық электрондық порталының интернет-алаңын – eep.mitwork.kz пайдалануда.

Осыған байланысты, әр әлеуетті жеткізуші сатып алулар процесіне қатысу және тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізу жөніндегі шартты жасасу мүмкіндігіне ие.

Сатып алулар процессі сатып алуларға қатысушының жауапкершілік қағидаларының регламенттеуін және сыбайлас-жемқорлық нышандарына жол бермеуді талап етеді, осыған байланысты 2019 жылы Қазақстан Республикасының заңды актілеріне өзгертулер енгізілді, оларға сәйкес бүкіл квазимемлекеттік сектор, соның ішінде KazakhExport компаниясы мемлекеттік сатып алулар механизміне ұқсас әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі Кодекс пен мемлекеттік мүлік жөніндегі Заң ережелерімен қамтылатын болды.

Есепті кезең барысында KazakhExport компаниясымен 496,8 млн теңгеден астам сомада 130-дан астам жеткізушіден сатып алу жүзеге асырылды, соның ішінде 52,9 млн теңге сомасындағы тауарлар, 23,3 млн теңге сомасындағы жұмыстарды, және 420,6 млн теңге сомасындағы қызметтер.

Қазақстандық өндірісті, қызметтер көрсету мен жұмыстарды орындау салаларын арттыру мен ынталандыру бойынша үздіксіз жүзеге асырылатын шаралар аясында 2019 жыл барысындағы тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алулардағы жергілікті қамту үлесі 79,3%-ды құрап, өткен жыл көрсеткішінен 0,3%-нан аздап асты.

Ташкент



Өзбекстан Республикасы,
Ташкент қ., Нүкіс көш., 71,
«Sigma» БО
Тел.: +998 97 710 02 24

АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАР МЕН МІНДЕТТЕР

Болашаққа KazakhExport сенімділігі мен оған деген экспорттаушы кәсіпорындардың, қазақстандық және халықаралық қаржылық институттардың және экспорттық-несиелендіру агенттіктрдің тарапынан сенім деңгейін арттыруға бағытталған бірқатар бастама жоспарланған.

Жоспарланған шаралар аясында күтілуде:

- KazakhExport компаниясының қызметін Қазақстан Республикасының Қаржылық нарықты реттеу және дамыту агенттігінің тікелей реттеуінен тыс заңды бекітілуі;
- шетелдік сатып алушылардың отандық өнімдерді сатып алуға KazakhExport сақтандыру қорғанысымен қамтамасыз етілген екінші деңгей банктерінің беретін несиелері мен жүзеге асырылатын лизингтік мәмілелері бойынша сыйлықақы мөлшерлемесін субсидиялау механизмін енгізу нормасының заңды бекітілуі;
- қазақстандық шикізаттық емес тауарлардың өндірушілерін және қызметтерді сыртқы нарықтарға жеткізушілерді қолдау және экспортты қолдаудың тиімді қаржылық шараларын қамтамасыз ету арқылы олардың бәсекелестік қабілеттерін арттыру мақсатымен «KazakhExport» ЭСК» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту;
- Қазақстан Республикасының Қаржылық нарықты реттеу және дамыту агенттігінің нормативтік құқықтық актілеріне бейрезиденттердің KazakhExport сақтандыру қорғанысымен қамтамасыз етілген қазақстандық тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу үшін қаржыландыру бойынша мәмілелерін банктердің қаражаттарының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру бойынша коэффициенттерін есептеу барысында ішкі актив ретінде қарастыру және KazakhExport сақтандыру қорғанысымен қамтамасыз етілген мәмілелерді пруденциалды нормативтерді есептеу барысында аса өтімді активтерге жатқызу жөніндегі өзгертулер енгізу;
- Әріптес компаниялардың және ЕДБ қызметкерлерін KazakhExport ұсынатын құралдар бойынша оқытумен қамту.

Екатеринбург



Ресей Федерациясы,
Екатеринбург қ.,
Роза Люксембург көш., 49
«Онегин» БО, 626 кеңсе.
Тел.: +7 912 244 93 27

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесінің сипаттамасы, оның қағидалары

«KazakhExport» ЭСК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқаруды Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру, оның беделін нығайту және оның капитал тартуға жұмсайтын шығындарын азайту құралы ретінде қарастырады. Қоғам корпоративтік басқарудың тиісті жүйесін Қазақстан Республикасында заңнаманың басымдылығын қамтамасыз етуге өз үлесі және қазіргі экономика мен жалпы қоғамдағы Қоғамның орнын анықтайтын фактор ретінде қарастырады.

Қоғамның корпоративтік басқаруының Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының тиісті стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында Қоғам ішіндегі және басқа мүдделі тараптармен қатынастарда тиімділікті, ашықтықты, есептілікті, іскерлік әдептің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін Қоғамның өз қызметі барысында басшылыққа алатын ережелер мен ұсынымдар жиынтығы болып табылатын Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі - Кодекс) қабылданды.

Корпоративтік басқару қағидалары

Қоғамда корпоративтік басқару әділдік, адалдық, жауаптылық, ашықтық, айқындық, кәсіпқойлық және құзыреттілік негіздеріне сүйенген.

Қоғамның корпоративтік басқару жүйесі Қоғам органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің арасында өкілеттіктер мен жауапкершілікті анық бөлуді көздейді.

Қоғамда корпоративтік басқарудың негіз қалаушы қағидалары мыналар болып табылады:

- өкілеттіктерді бөлу қағидасы;
- Дара тұлғалы акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидасы;
- Директорлар кеңесінің және Басқарманың Қоғамды тиімді басқару қағидасы;
- тұрақты даму қағидасы;
- тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидасы;

- корпоративтік шиеленістерді және мүдделер шиеленісін реттеу қағидасы;
- Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашудың айқындығы және ашықтығы қағидасы.

2019 жылы Қоғам «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 51/17 шешімімен бекітілген «KazakhExport» ЭСК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген қағидалар мен ережелерді сақтауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асырды.

Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің нормасын орындау мақсатында Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің тиісінше сақталу мәселелері бойынша мониторинг нәтижелері және оның қағидалары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар туралы толық ақпарат қамтылған «KazakhExport» ЭСК» АҚ-ң 2019 жылға арналған Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау туралы есеп (бұдан әрі - Есеп) әзірленді.

Есепке сәйкес «KazakhExport» ЭСК» АҚ Корпоративтік басқару кодексі Қоғамда сақталуда, корпоративтік басқаруды жетілдіруге бағытталған іс-шараларды жүргізу, соның ішінде «KazakhExport» ЭСК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін Қоғамның қызметіне енгізу бойынша жұмыс жүзеге асырылуда.

2019 жылғы 25 желтоқсанда «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқармасының шешімімен «KazakhExport» ЭСК» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне өзгертулер мен толықтырулар бекітілді.

Тұрақты даму саясаты

2019 жылғы 20 қарашада «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесімен Қоғамның Тұрақты даму саясаты бекітілді. Оның мақсаты тұрақты даму саласында басқару жүйесін құруда Қоғам ұстануға тиіс негіз қалаушы нормаларды, қағидаларды, ережелерді және тәсілдерді анықтау болып табылады.

«KazakhExport» ЭСК» АҚ Тұрақты даму саясатының міндеттері мыналар болып табылады:

- Қоғамның тұрақты даму, соның ішінде мүдделі тараптармен өзара әрекеттесудің тиімді және айқын жүйесін құру саласындағы қызметінің қағидалары мен бағыттарын анықтау;
- Қоғамның әр органының және барлық қызметкерлерінің тұрақты даму қағидаларын іске асыру үшін жауапкершілігін, рөлдерін, құзыреттерін бекіту;
- Қоғамның тұрақты дамуы мен негізгі үдерістерінің өзара байланысын анықтау;
- Тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттарды пайдалануды Қоғам өз қызметінің ең үздік халықаралық практикаға сәйкестігін қамтамасыз етудің және тұрақты даму саласындағы міндеттер мен мақсаттарға жетудің қажетті шарты ретінде қарастырады.

Қоғамның тұрақты дамуына өз қызметін жүзеге асыру барысында Қоғамның басшылыққа алатын қағидалары мен міндеттемелерінің жиынтығы жатқызылған, атап айтқанда:

- мүдделі тараптармен өзара қатынастарды басқару;
- ұлттық экономикаға, әлеуметтік салаға және экологияға әсерді бағалау және басқару.

«KazakhExport» ЭСК» АҚ ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты даму үшін өз экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

Соның ішінде, қоршаған ортаны қорғау саласында Қоғам экологиялық мәселелерді сақтық қағидаларына негізделген тәсілді қолдайды, қоршаған ортаның күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдайды, экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға, сондай-ақ «жасыл кеңсе» тұжырымдамасын енгізуге қолдау көрсетуге ұмтылады.

Қоғамның тұрақты дамуының экологиялық құрамдас бөлігі биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді барынша азайтуға, шектелген ресурстарды ұтымды пайдалануға, экологиялық, энергия мен материал үнемдейтін технологияларды пайдалануға бағытталған.

Өз қызметінің сипатына байланысты Қоғам қоршаған ортаға тікелей әсер тигізбейді. Қоғам тұтынатын негізгі ресурстар электр энергиясы, жылу энергиясы және су болып табылады.

Компания қоршаған ортаға кері әсерді болдырмауды жоғары деңгейде қамтамасыз ететін ресурстарды оңтайлы пайдалану қағидалары мен әдістерін қолданады.

Өз қызметінде Қоғам энергиялық тиімді технологияларды енгізу, су тұынуды азайту, электрондық құжат айналымын енгізудің және екі жақты басып шығару практикасының есебінен кеңсе қажеттіліктері үшін қағаз жұмсайды азайту, сондай-ақ «жасыл кеңсе» тұжырымдамасын іске асыру арқылы ресурстарды артық тұтынуды азайтуға және қалыптасқан экологиялық кері әсерді барынша төмендетуге ұмтылады.

Капитал

31.12.2019 жылғы жағдай бойынша Компанияның жарғылық капиталы 71 100 000 000 (жетпіс бір миллиард жүз миллион) теңгені құрады, жарияланған жай акциялар саны 92 000 (тоқсан екі мың) дананы, орналастырылғандар саны 90 760 (тоқсан мың жеті жүз алпыс) дананы, орналастырылмаған қалдық 1 240 (бір мың екі жүз қырық) дананы құрайды. Орналастырылған акцияларының 100% ұстаушысы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ болып табылады.

Менеджменттің ұйымдық құрылымы

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесінің құрамы (2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша)

	ТАӘ	KazakhExport Директорлар кеңесіндегі лауазымы	Кезең (күні, айы, жылы)	Негізгі жұмыс орнындағы лауазымы
	Досаев Ерболат Асқарбекұлы	Директорлар кеңесінің Төрағасы	01.06.2016–31.01.2018 01.06.2016–23.04.2019	Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Төрағасы
	Қасымбек Жеңіс Махмудұлы	Директорлар кеңесінің Төрағасы	02.05.2019–03.10.2019	Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасары Қарағанды облысының әкімі
	Сұлтанов Бахыт Тұрлыханович	Директорлар кеңесінің Төрағасы	21.08.2019 - қазіргі уақытқа дейін	Қазақстан Республикасының сауда және интеграция министрі
	Азамат Асқарұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі	6.11.2019 - қазіргі уақытқа дейін	Қазақстан Республикасының сауда және интеграция вице-министрі
	Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі	08.02.2017 - 31.01.2018 08.02.2017 - 21.05.2019 22.05.2019 - қазіргі уақытқа дейін	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма орынбасары
	Қуатова Айнұр Саинқызы	Директорлар кеңесінің мүшесі	28.02.2018–21.05.2019 22.05.2019–05.01.2020	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры - Басқарма мүшесі
	Искаков Руслан Викторович	Директорлар кеңесінің мүшесі	15.02.2016–31.01.2018 15.02.2016–21.05.2019 22.05.2019 – қазіргі уақытқа дейін	«KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқарма Төрағасы

	ТАӘ	KazakhExport Директорлар кеңесіндегі лауазымы	Кезең (күні, айы, жылы)	Негізгі жұмыс орнындағы лауазымы
	Сүйентаев Дамир Серікбайұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор	15.02.2016–31.01.2018 15.02.2016–21.05.2019 22.05.2019 – қазіргі уақытқа дейін	
	Самақова Айткүл Байғазықызы	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор	13.09.2016–31.01.2018 13.09.2016–21.05.2019 22.05.2019 – қазіргі уақытқа дейін	
	Дильдяев Ярослав Григорьевич	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор	13.09.2017–31.01.2018 13.09.2017–21.05.2019 22.05.2019 – қазіргі уақытқа дейін	
	Майкл Вайнштайн	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор	22.05.2019 – қазіргі уақытқа дейін	

2019 жыл барысында KazakhExport Директорлар кеңесінің құрамында келесідей өзгерістер орын алды:

KazakhExport Дара тұлғалы акционерімен шешім қабылданды («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2019 жылдың 23 сәуіріндегі № 23/19 хаттамасы)

- Директорлар кеңесінің мүшесі Досаев Ерболат Асқарбекұлының өкілеттері мерзімінен бұрын тоқтатылсын.
- Қасымбек Жеңіс Махмұдұлы «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің жалпы өкілеттер мерзімі аяқталғанға дейін «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлансын.
- «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің Төрағасы етіп Қасымбек Жеңіс Махмұдұлын сайлау ұсынылсын.

KazakhExport Дара тұлғалы акционерімен келесі шешім қабылданды («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2019 жылдың 22 мамырындағы № 27/19 хаттамасы):

«KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамын 8 адам санында және «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттер мерзімі 3 жыл деп белгілеу жөнінде.

«KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің жалпы өкілеттер мерзімі аяқталғанға дейін «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға:

- Қасымбек Жеңіс Махмұдұлын;
- Әріпханов Айдар Әбдіразақұлын Дара тұлғалы акционердің өкілі ретінде;
- Қуатова Айнұр Саинқызын Дара тұлғалы акционердің өкілі ретінде;
- Дильдяев Ярослав Григорьевичті тәуелсіз директор ретінде;
- Сүйентаев Дамир Серікбайұлын тәуелсіз директор ретінде;
- Самақова Айткүл Байғазықызын тәуелсіз директор ретінде;
- Майкл Вайнштайнді тәуелсіз директор ретінде;
- Искаков Руслан Викторовичті - «KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқарма Төрағасы ретінде.

«KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы ретінде Қасымбек Жеңіс Махмұдұлын сайлау ұсынылсын.

KazakhExport Дара тұлғалы акционерімен келесі шешім қабылданды («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2019 жылдың 21 тамызындағы № 41/19 хаттамасы):

- «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамы тоғыз мүше санында анықталсын.
- Сұлтанов Бақыт Тұрлыханович «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі етіп Директорлар кеңесінің жалпы өкілеттер мерзімі аяқталғанға дейін сайлансын.

KazakhExport Дара тұлғалы акционерімен келесі шешім қабылданды («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2019 жылдың 31 қазанындағы № 47/19 хаттамасы):

- Директорлар кеңесінің мүшесі Қасымбек Жеңіс Махмұдұлының өкілеттері мерзімінен бұрын тоқтатылсын.
- «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамы сегіз мүше санында анықталсын.
- «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы ретінде Сұлтанов Бақыт Тұрлыхановичті сайлау ұсынылсын.

KazakhExport Дара тұлғалы акционерімен келесі шешім қабылданды («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2019 жылдың 6 қарашасындағы № 53/19 хаттамасы):

- «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамы тоғыз мүше санында анықталсын.
- Азамат Асқарұлы «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Директорлар кеңесінің жалпы өкілеттер мерзімі аяқталғанға дейін сайлансын.

Директорлар кеңесінің қызметі жөніндегі есеп

2019 жыл барысында KazakhExport Директорлар кеңесі 12 отырыс өткізді: 6 отырыс - бетпе-бет нысанда және 6 – сырттай нысанда. Материалдар, түсіндірмехаттар KazakhExport Директорлар кеңесінің Төрағасының және мүшелерінің жан-жақты қарастыруына Директорлар кеңесі жөніндегі Ережемен белгіленген отырысты өткізу күніне дейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде жіберілді.

2019 жыл барысында KazakhExport Директорлар кеңесінің Төрағасы және мүшелері отырыстарға қажетті түрде келіп отырды және оның жұмысына белсенді түрде қатысты.

KazakhExport Директорлар кеңесінің Төрағасының және мүшелерінің есепті кезеңдегі отырыстарға келуі пайыздық көрсеткіште 93%-ды құрайды.

ТАӘ	Бетпе-бет отырыс	Сырттай отырыс
Досаев Ерболат Асқарбекұлы	0*/2**	1*/1**
Қасымбек Жеңіс Махмұдұлы	2*/2**	1*/1**
Сұлтанов Бақыт Тұрлыханович	3*/3*	3*/3**
Азамат Асқарұлы	2/*2**	2*/2**
Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы	6*/6**	6*/6**
Қуатова Айнұр Саинқызы	5*/6**	5*/6**
Искаков Руслан Викторович	6*/6**	6*/6**
Сүйентаев Дамир Серікбайұлы	6*/6**	6*/6**
Самақова Айткүл Байғазықызы	6*/6**	6*/6**
Майкл Вайнштайн	3*/3**	3*/3**
Дильдяев Ярослав Григорьевич	6*/6**	6*/6**

* Директорлар кеңесінің мүшесі қатысқан отырыстардың жалпы саны;

** Директорлар кеңесінің мүшесі қатысуы мүмкін отырыстардың жалпы саны.

2019 жыл барысында KazakhExport Директорлар кеңесінің отырыстарында 128 мәселе қарастырылды.

Директорлар кеңесімен 2019 жылы қарастырылған мәселелер тақырыбы



Директорлар кеңесінің комитеттері

KazakhExport дамуын басқару тиімділігін арттыру мақсаттарында Директорлар кеңесіне жан-жақты негізделген ұсыныстар беру жолымен KazakhExport компаниясында келесідей консультативті-кеңестік органдар құрылған және әрекет етеді:

- Аудит бойынша комитет;
- Кадрлар, сыйлықақы және әлеуметтік мәселелер бойынша комитет;
- Стратегиялық жоспарлау бойынша комитет.

Комитеттермен әзірленген барлық ұсыныстар KazakhExport Директорлар кеңесінің қарастыруына жіберілетін ұсыныстар болып табылады.

Корпоративтік басқарудың озық тәжірибесіне сәйкес болу мақсатында Комитеттер құрамына «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ сәйкес бөлімшелерінің қатарынан сәйкес комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіпқой білімге ие сарапшылар кіреді (дауыс беру құқығысыз).

Директорлар кеңесінің Комитеттерінің құрамы

№	Директорлар Кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің Төрағасы, мүшелері, сарапшылары	ТАӘ	Лауазымы
1	Комитет Төрағасы	Сүйентаев Дамир Серікбайұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
2	Комитет мүшесі	Қуатова Айнұр Саинқызы	Директорлар кеңесінің мүшесі, Дара тұлғалы акционердің өкілі
3	Комитет мүшесі	Самақова Айткүл Байғазықызы	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
4	Комитет мүшесі	Дильдяев Ярослав Григорьевич	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
5	Дауыс беру құқығы жоқ сарапшы	Мамеков Мұрат Мамырұлы	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Активтерді басқару басқармасы департаментінің жоба жетекшісі

№	Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйлықақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің Төрағасы, мүшелері, сарапшылары	ТАӘ	Лауазымы
1	Комитет Төрағасы	Самақова Айткүл Байғазықызы	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
2	Комитет мүшесі	Қуатова Айнұр Саинқызы	Директорлар кеңесінің мүшесі, Дара тұлғалы акционердің өкілі
3	Комитет мүшесі	Сүйентаев Дамир Серікбайұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
4	Комитет мүшесі	Дильдяев Ярослав Григорьевич	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
5	Дауыс беру құқығы жоқ сарапшы	Мамеков Мұрат Мамырұлы	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ активтерді басқару басқармасы департаментінің жоба жетекшісі

№	Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау жөніндегі Комитетінің Төрағасы, мүшелері, сарапшылары	ТАӘ	Лауазымы
1	Комитет Төрағасы	Дильдяев Ярослав Григорьевич	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
2	Комитет мүшесі	Қуатова Айнұр Саинқызы	Директорлар кеңесінің мүшесі, Дара тұлғалы акционердің өкілі
3	Комитет мүшесі	Самақова Айткүл Байғазықызы	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
4	Комитет мүшесі	Сүйентаев Дамир Серікбайұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
5	Дауыс беру құқығы жоқ сарапшы	Мамеков Мұрат Мамырұлы	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Активтерді басқару басқармасы департаментінің жоба жетекшісі

Комитеттердің Хатшысы болып 2019 жыл барысында KazakhExport Корпоративтік хатшысы Давлетова А.Т. (7.03.2019 ж. дейін), 25.07.2019 жылдан бастап Комитеттердің Хатшысы болып KazakhExport Корпоративтік хатшысы Оралбаева А.Р табылды.

Директорлар кеңесінің Комитеттері отырыстарының саны

2019 жыл барысында KazakhExport Директорлар кеңесінің Комитеттерімен KazakhExport мекенжайы бойынша бетпе-бет нысанда және бейне-конференц-байланыс арқылы отырыстар өткізілді.

2019 жыл барысында Директорлар кеңесінің Комитеттерімен жалпы 140 мәселе қарастырылды.

Директорлар кеңесінің Комитеттерінің Төрағасының және мүшелерінің отырыстарға қатысуы

2019 жыл барысында KazakhExport Директорлар кеңесінің Комитеттерінің Төрағалары, мүшелері және сарапшылары Комитеттерге келесідей қатысты:

Комитет Төрағасының/ мүшелерінің, сарапшылардың ТАӘ	Бетпе-бет
Самақова Айткүл Байғазықызы	23*/23**
Сүйентаев Дамир Серікбайұлы	23*/23**
Қуатова Айнұр Саинқызы	23*/23**
Дильдяев Ярослав Григорьевич	23*/23**
Майкл Вайнштайн	11*/11**
Кадрлар, сыйлықақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет сарапшысы, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ активтерді басқару басқармасы департаментінің жоба жетекшісі Мамеков М.М.	23*/23**
Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет сарапшысы, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ активтерді басқару басқармасы департаментінің жоба жетекшісі Мамеков М.М.	23*/23**

*Директорлар кеңесінің Комитет мүшесі, сарапшы қатысқан отырыстардың жалпы саны;

** Директорлар кеңесінің Комитет мүшесі, сарапшы қатыса алған отырыстардың жалпы саны.

KazakhExport Директорлар кеңесінің Комитеттерінің 2019 жыл барысындағы отырыстарына қатысу пайыздық көрсеткіштер құрайды:

- KazakhExport Директорлар кеңесінің Комитеттерінің Төрағаларымен және мүшелерімен - 100%;
- Кадрлар, сыйлықақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет сарапшысымен, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Активтерді басқару басқармасы департаментінің жоба жетекшісі Мамеков М.М. – 100%.

Комитеттермен 2019 жылы қарастырылған мәселелер саны



Таңдау және тағайындау

Компанияның Директорлар кеңесінің құрамы Директорлар кеңесіне Дара тұлғалы акционердің өкілі ретінде ұсынылған тұлғалар, Директорлар кеңесіне Дара тұлғалы акционердің өкілі ретінде ұсынылмаған жеке тұлғалар қатарынан қалыптастырылады.

Компанияның Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің құрамы Директорлар кеңесінің комитеттерінің қызмет масштабтарын, қарастыратын мәселелерін ескере отырып және Компания және Дара тұлғалы акционердің мүделерінде тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін Компания қызметінің салалық ерекшеліктерін, оның мүшелерінің машықтарының, тәжірибесі мен білімдерінің теңгерімін ескеруі тиіс.

Компанияның Директорлар кеңесінің сандық құрамы Дара тұлғалы акционерімен анықталады. Компанияның Директорлар кеңесінің сандық құрамы қызмет масштабтарын, даму стратегиясын және/немесе даму жоспарын немесе қаржылық қызметтерді ескере отырып жеке түрде белгіленеді.

Дара тұлғалы акционер Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарымен, Компанияның жарғысымен және ішкі құжаттарымен белгіленген, тәртіпте, үміткерлердің құзыреттерін, машықтарын, жетістіктерін, іскери беделін және кәсіпқой тәжірибесін ескере отырып сайлайды.

Компанияның Директорлар кеңесінің жеке мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау жағдайында Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау нәтижелері ескеріледі.

Компанияның Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлерді таңдау барысында ескерілетін жайттар:

1. жетекші лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;
2. Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;
3. жұмыс өтілі;
4. білімі, мамандығы, соның ішінде халықаралық сертификаттардың болуы;
5. бағыттар мен салалар бойынша құзыретінің болуы (салалар активтер қоржынына орай өзгеріп отырулары мүмкін);
6. іскери беделі;
7. тікелей немесе жанама мүдделер қайшылықтарының болуы.

Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттер мерзімі Дара тұлғалы акционердің шешімімен өзгесі анықталған жағдайлардан өзге жағдайларда Компанияның бүкіл Директорлар кеңесінің өкілеттер мерзіміне сәйкес және Дара тұлғалы акционерімен Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау жөніндегі шешімін қабылдау мезетінде аяқталады. Дара тұлғалы акционер Компанияның Директорлар кеңесінің жеке немесе барлық мүшелерінің өкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Тәуелсіз директорлар құрамынан бір тұлға Компанияның Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан артық мерзімге сайлана алмайды (мысалы, үш жылдық үш мерзімге). Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан артық мерзімге сайлауға рұқсат етіледі, бұл жағдайда ондай тұлғаны Компанияның Директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын немесе өзге мерзімдерде, нақты осы Директорлар кеңесі мүшесін сайлау қажеттілігін және осы фактінің шешімдерді қабылдау тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің жұмысын және корпоративтік басқаруды диагностикалауды бағалау

KazakhExport Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесінің қызметін бағалау жөніндегі Ережелерге сәйкес - Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігі жыл сайынғы негізде бағаланады. Бұл жағдайда, үш жылда бір рет ондай бағалау тәуелсіз кәсіпқой ұйымды тарта отырып жүзеге асырылады.

Тиімділікті бағалаудың негізгі міндеті болып Кеңестің, комитеттердің, Корпоративтік хатшының ағымды қызметі және Директорлар кеңесінің құрамының теңестірілгендігі жөніндегі объективті ақпаратты алу, Директорлардың әрқайсысының кеңес және комитеттердің жұмысына қосқан үлесін талдау, Директорлар кеңесі жұмысының жұмыс тәжірибесін әрі қарай дамыту бағыттарын анықтау табылады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру

Тәуелсіз директорлардың - Директорлар кеңесі мүшелерінің (бұдан былай тәуелсіз директорлардың) біліктілігін арттыру, тәуелсіз директорлардың Директорлар кеңесінің жұмысына жеке үлестерін арттыру үшін қажетті білім мен машықтарды игеру және Директорлар кеңесінің жұмысының тиімділігін арттыру, корпоративтік басқару саласындағы озық халықаралық тәжірибелерді меңгеру мақсаттарында Компанияның Директорлар кеңесімен тәуелсіз директорлардың – «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерінің 2019 жылға көзделген Біліктіліктерін арттыру жоспары бекітілді.

«Дипломды директор» курсын оқып шығу үшін Мәскеу қ. тәуелсіз директорлар: Дильдяев Я.Г., Сүйентаев Д.С. жіберілді.

Мүдделер қайшылығы

KazakhExport компаниясында қайшылықтарды сотқа дейін реттеу тәртібі мен процедураларын, сондай-ақ осы мәселелер аясында KazakhExport компаниясының органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің іс-қимылын регламенттейтін Корпоративтік қайшылықтар мен мүдделер қайшылығын реттеу бойынша саясат әрекет етеді.

Мүдделер қайшылығын уақытылы реттеуді қамтамасыз ету мақсатында KazakhExport компаниясында белгіленген тәртіппен KazakhExport компаниясының құрылымдық бөлімшелердің, атқарушы органның және басқару органының басшыларына жеткізілетін аффилиирленген тұлғалардың тізілімі үнемі жүргізіледі.

Аффилиирленген тұлғалар тізілімін KazakhExport Директорлар кеңесі бекітеді.

KazakhExport компаниясында әлеуетті мүдделер қайшылығын мониторингтеу және алдын алу мақсатында Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты тұрақты түрде ұсынады.

Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері, KazakhExport қызметкерлері мүдделер қайшылығы мен корпоративтік қайшылықтарды болдырмай, KazakhExport компаниясы мен Дара тұлғалы акционердің мүддесі үшін өздерінің кәсіби функцияларын адал, әрі ақылға қонымды орындайды.

KazakhExport Директорлар кеңесі туралы ережеде Директорлар кеңесінің мүшесі міндетті:

1. аффилиирлену пайда болған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде KazakhExport өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтерді ұсынуға;
2. мүдделерінің (немесе онымен байланысты тұлғалардың) және KazakhExport мүдделерінің арасында қайшылықтың туындауына әкелетін немесе әкелуі ықтимал жағдайларға жол бермеу және іс-әрекеттерден тартыну, ал туындаған жағдайда мүдделер қайшылығының орын алуы туралы Директорлар кеңесіне дереу хабарлауға;
3. жасалуына мүдделі тұлға болып танылуы мүмкін болжамды мәмілелер туралы ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге;
4. жеке мүдделілігі бар мәселелер бойынша дауыс беруден, шешімдер қабылдаудан тартынуға. Бұл жағдайда Директорлар кеңесінің мүшесі осындай мүдделілік дерегін және оның пайда болу негіздерін Директорлар кеңесіне дереу ашуы тиіс.

KazakhExport компаниясында Директорлар кеңесінің мүшесімен - тәуелсіз директормен KazakhExport компаниясының ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған талаптарды сақтау шарттарын көрсететін азаматтық-құқықтық шарт жасалады, соның ішінде корпоративтік қайшылықтар мен мүдделер қайшылығы мәселелері бойынша.

KazakhExport Басқармасы туралы ережеде оның мүшелерінің басқа ұйымдарда басқару органдарында лауазымдарды қоса атқаруына тек қана KazakhExport Директорлар кеңесінің келісімімен жол беріледі деген ереже қарастырылған.

Бұл мүдделер қайшылығының пайда болу деректерін анықтауға байланысты жағдайды бақылауға септігін тигізеді.

2019 жыл ішінде KazakhExport компаниясында Корпоративтік хатшы KazakhExport компаниясының, оның органдары мен лауазымды тұлғаларының қызметінде корпоративтік қайшылықтар мен мүдделер қайшылығының туындау жағдайларын атап өткен жоқ.

Комплаенс-бақылау

Комплаенс-тәуекелді басқару жүйесі KazakhExport компаниясының тәуекелдерді басқарудың жалпы жүйесінің, сондай-ақ жүзеге асыруда KazakhExport барлық қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары қатысатын ішкі бақылау жүйесінің ажырамас және біріктірілген бөлігі болып табылады.

Комплаенс-тәуекелді басқару мақсаттары:

1) KazakhExport, оның басқару органдары, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер қызметінің ҚР заңнамасының, соның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ KazakhExport компаниясының ішкі процедураларының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

2) KazakhExport тәуекелдерді басқарудың жалпы жүйесі аясында комплаенс-тәуекелді басқарудың бірыңғай тиімді жүйесін құруды қамтамасыз ету.

Комплаенс-тәуекелді басқару процесі тәуекел туралы хабардар болу, комплаенс-бақылаушының тәуелсіздігі, Басқарманың, Директорлар кеңесінің және Дара тұлғалы акционердің мүдделілігі, интеграциялары, өзара әрекет ету және үйлестіру, ақпараттылық, тұрақтылық, жауапкершілік, комплаенс-мәдениетті құру сияқты қағидаларға негізделеді.

KazakhExport компаниясының Директорлар кеңесі комплаенс-тәуекелді басқаруды және комплаенс-тәуекелдерді басқару саясатын іске асыруды жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Басқарма комплаенс-тәуекелдерді басқару саясатын сақтауды және KazakhExport және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметінде комплаенс-тәуекелдерді азайту не барынша азайты бойынша тиісті шараларды қабылдауды қамтамасыз етеді.

Комплаенс-тәуекелдер мен комплаенс-функцияларды тікелей тұрақты бақылау мен мониторингтеуді KazakhExport компаниясының Директорлар кеңесіне есеп беретін және оларға тағайындалатын Комплаенс-бақылаушы жүзеге асырады

2019 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын ескере отырып, KazakhExport Директорлар кеңесі Комплаенс-тәуекелді басқару жөніндегі саясатты жаңа редакцияда бекітті, ол комплаенс-тәуекелді басқарудың

мақсаттары мен міндеттерін, комплаенс-тәуекелді басқару қағидаларын, соның ішінде комплаенс-мәдениетті құру қағидаларын, комплаенс-тәуекелді басқару тәртібін, тәсілдері мен процедураларын, KazakhExport компаниясын қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және лаңкестікті қаржыландыру процестеріне әдейі немесе абайсызда тарту тәуекелдерін басқару тәртібін, тәсілдері мен процедураларын, немесе басқа қылмыстық қызметті, Комплаенс-бақылаушының өкілеттіктері мен жауапкершілігін, сондай-ақ комплаенс-тәуекелді басқару аясында құрылымдық бөлімшелер мен оларға кірмейтін KazakhExport қызметкерлері арасындағы өзара әрекет ету және ақпарат алмасу тәртібін орнатады.

KazakhExport өзінің ағымдағы қызметінде сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін реттейтін қолданыстағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау мен орындауды ұстанады.

2019 жылы KazakhExport басқа қаржы ұйымдарымен қатар сақтандыру нарығы субъектілерінің қызметіне әсер ететін бірқатар құқықтық және заңнамалық актілерге түзетулер енгізу мәселелері бойынша Қазақстан Қаржыгерлер қауымдастығы ұйымдастырған алаңдарда заң жобалау жұмысына белсенді қатысты.

Одан басқа, KazakhExport Сақтандыру омбудсмен кеңсесі өкілдері кеңесінің мүшесі құқықтарында оның отырыстарына, жаңа Сақтандыру омбудсменін сайлауға және сақтандыру саласының қатысушылары арасындағы дауларды соттан тыс тәртіппен реттеу бойынша оның жұмыс тәртібін анықтауға қатысты.

Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа төтеп беру

Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл және оның алдын алу тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. 2019 жылы Басқарма шешімімен 2019-2020 жылдарға арналған Компанияда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары өзектілендірілді, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

KazakhExport Омбудсмен институты Іскерлік әдеп кодексінің ережелерін іске асыруды қамтамасыз ету және KazakhExport қызметкерлерінің іскерлік әдеп нормаларын бұзуын алдын алу мақсатында белсенді дамыды.

Тұрақты негізде KazakhExport персоналын сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырып және қаржылық алаяқтық жағдайларын анықтау және алдын алу негіздері бойынша ішкі оқыту жүргізілді.

2019 жылдың қаңтарынан бастап KazakhExport компаниясының бастамашылығымен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жеңімпаздары болып танылған контрагенттерді тұрақты тексеру тәртібі регламенттелді. Контрагенттерді олардың сенімділігіне және KazakhExport компаниясымен аффилиирлену белгілерін анықтауға тексеру комплаенс-бақылаушымен жүргізіледі.

KazakhExport қызметі туралы ақпараттың ашықтығын және айқындығын қамтамасыз ету бойынша міндеттер аясында Компаниямен өткізілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу туралы барлық хабарландырулар https://eep.mitwork.kz Еуразиялық электрондық порталда орналастырылады.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес Компанияда тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізіледі.

2019 жылғы ақпанда клиенттерге және іскер серіктестерге KazakhExport көрсететін жұмыстар мен қызметтерге, соңғысының қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің бар-жоғы туралы бағалаумен қанағаттану мәніне қашықтықтан (компьютерлік) жасырын сауалнама жүргізілді. KazakhExport қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу сауалнамасының қорытындысы бойынша оның клиенттері атап өткен жоқ.

2019 жылдың сәуірінде KazakhExport Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Парасаттылық департаменті «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ бірлесіп, квазимемлекеттік сектор өкілдері үшін ұйымдастырылған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша дөңгелек үстел жұмысына қатысты. Ал қазан айында қаржы ұйымдарының, ұлттық компаниялар мен ұлттық басқарушы холдингтердің комплаенс-мамандары мен комплаенс-қызметтерінің қызметкерлері үшін «КПМГ Аудит» ЖШС бірлесіп Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) басшылығы өткізген «Қазақстанның комплаенс-офицерлерінің бірінші форумына» қатысты.

2019 жылы KazakhExport қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының қызметінде сыбайлас жемқорлық факторларының туындау немесе алаяқтық әрекеттер жасау жағдайлары орын алған жоқ

Атқарушы орган

- Басқарма KazakhExport алқалы атқарушы органы болып табылады және өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, KazakhExport Жарғысын және KazakhExport Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Басқарма туралы Ережені басшылыққа алады.

- Басқарманы Директорлар кеңесі қалыптастырады, ол Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, оның мүшелерін сайлауды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды анықтайды. Сақтандыру қызметі туралы заңнамаға сәйкес Басқарма мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы тиіс.

- Дара тұлғалы акционердің айрықша құзыретіне Басқарма Төрағасын сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдау жатады.

- KazakhExport Басқармасының Басшысы Басқарма Төрағасы болып табылады және Басқарма отырысын өткізу туралы шешімді Басқарма Төрағасы қабылдайды. Басқарма құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, KazakhExport Жарғысымен, KazakhExport Басқармасы туралы ережесімен анықталған. Басқарма мүшелері қаржы ұйымдарының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс.

2019 жылдағы Басқарма құрамы

№	ТАӘ	Лауазымы	Кезең (күні, айы, жылы)	Басқарма құрамына кірген күні
	Искаков Руслан Викторович	Басқарма Төрағасы	15.02.2016 – қазіргі уақытқа дейін	Қоғамның Дара тұлғалы акционерінің шешіміне сәйкес 15.02.2016 жылы сайланды (11.02.2016 жылғы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының № 05/16 хаттамасы).
	Бекхожин Ердан Ерланұлы	Басқарма Төрағасының Орынбасары	02.10.2014 – қазіргі уақытқа дейін	02.10.2014 жылы сайланды (30.09.2014 жылғы «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің № 83 шешімі)
	Калигазин Аслан Ермекұлы	Басқарма Төрағасының Орынбасары	01.10.2018 – қазіргі уақытқа дейін	01.10.2018 жылы сайланды (26.09.2018 жылғы «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің № 8 шешімі)
	Жақсыбаев Рауан Өмірбекұлы	Басқарушы директор – Басқарма мүшесі	12.07.2016 – қазіргі уақытқа дейін	12.07.2016 жылы сайланды (12.07.2016 жылғы «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің № 104 шешімі)
	Жолдыбеков Қуат Төлегенұлы	Басқарушы директор – Басқарма мүшесі	17.10.2016 – қазіргі уақытқа дейін	17.10.2016 жылы сайланды (14.10.2016 жылғы «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің № 106 шешімі)

Есепті кезең барысында Компания Басқармасымен 55 бетпе-бет отырыс өткізілді, онда сол бойынша сәйкес шешім қабылданған 304 мәселе қарастырылды.

Басқарма отырыстарында қарастырылған мәселелер құрылымы:

Мәселе тақырыбы	Қарастырылған мәселелер саны
Комплаенс мәселелері	8
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелері	8
Аудит мәселелері	33
Кадр мәселелері	41
Жоспарлау және есептілік	52
Мәмілелер/инвестициялық жобалар /бағалы қағаздар	67
ІНҚ бекіту мәселелері	69
Басқа мәселелер	26
Жиыны:	**304 мәселе**

Комитеттермен 2019 жылы қарастырылған мәселелер саны



2019 жыл ішінде Басқарма Төрағасы мен мүшелері Басқарма отырыстарына тиісті түрде қатысып, оның жұмысына белсенді қатысты.

Есепті кезең ішінде Басқарма отырыстарына қатысу Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің пайыздық мәнде орта есеппен 83%-ды құрады.

2019 жылда Басқарма отырыстарына қатысудың жеке статистикасы:

Аты-жөні	Бетпе-бет нысанда	Қатысуы
Искаков Руслан Викторович	41/55	75%
Калигазин Аслан Ермекұлы	44/55	80%
Бекхожин Ердан Ерланұлы	46/55	84%
Жақсыбаев Рауан Өмірбекұлы	45/55	82%
Жолдыбеков Қуат Төлегенұлы	52/55	95%
Орта есеппен қатысуы, %	83%	

Басшылық сыйлықақылары

Басқарма мүшелеріне сыйлықақы берудің негізгі қағидалары KazakhExport Директорлар кеңесі бекіткен жыл барысындағы жұмыс қорытындысы бойынша «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, қызметін бағалау және сыйлықақы беру Ережесімен көрсетіліп, реттеледі.

Негізгі қағидалар:

- KazakhExport компаниясының және акционердің мүдделеріне сәйкес келетін міндеттерді орындаумен сыйлықақының өзара байланысы;
- сыйлықақы мөлшерін анықтау қағидаларының қарапайымдылығы мен ашықтығы;
- қызмет нәтижелеріне сыйлықақы мөлшерінің тәуелділігі.

Тәуелсіз директорларды қоса алғанда, өз міндеттерін орындағаны үшін KazakhExport Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйлықақы төлеу, шығындарды өтеу және сыйлықақы беру тәртібі, мөлшері мен шарттары KazakhExport компаниясының Дара тұлғалы акционерінің шешімімен белгіленеді.

Мемлекеттік қызметші және Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылатын және KazakhExport-тың Дара тұлғалы акционерінің қызметкерлері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйлықақы төленбейді.

Сәйкесінше, тек Директорлар кеңесінің мүшелеріне – KazakhExport-тың тәуелсіз директорларына сыйлықақы төленеді, Директорлар кеңесінің басқа мүшелеріне Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындағаны үшін сыйлықақы төленбейді.

Дара тұлғалы акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету бойынша өткізілген іс-шаралар

Дара тұлғалы акционер мен Директорлар кеңесінің барлық тапсырмалары уақтылы орындалды;

2018 жыл ішіндегі аудиттелген қаржылық есептілік бекітілді;

Дара тұлғалы акционер тарапына 475,6 млн теңге көлемінде дивидендтер төленді;

Дара тұлғалы акционердің Компания мен оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне өтініштер болмады;

Барлық қажетті ақпарат қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және Қоғамның корпоративтік веб-сайтында уақтылы ашылды.

Дивидендтік саясат

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдары төлейтін Дивидендтердің мөлшерін анықтау тәртібіне сәйкес төлеуге жататын дивидендтердің нысаналы мөлшері шоғырландырылған таза пайданың 30%-ын құрайды.

Осыған байланысты, Компания 2017 және 2018 жылдар үшін таза пайданың 30% мөлшерінде дивидендтер төледі (сәйкесінше 639 млн теңге және 475 млн теңге).

Корпоративтік әдеп

Корпоративтік әдеп KazakhExport корпоративтік мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады.

KazakhExport корпоративтік мәдениетті жетілдіру бойынша жұмыстың осы бағытын дамыту мақсатында Іскерлік әдеп кодексінің жаңа редакциясы бекітілді.

Іскерлік әдеп кодексінің мақсаттары корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыруға және қызметкерлермен, клиенттермен, жеткізушілермен, іскерлік серіктестермен, мүдделі тұлғалармен және уәкілетті мемлекеттік органдармен іскерлік мінез-құлықтың жалпы қабылданған стандарттары мен нормала-

рын қолдану арқылы табысты өзара әрекеттесуге көмектесуге бағыт-талған KazakhExport қатынастарын жетілдіру, жүйелеу және реттеу болып табылады.

Іскерлік әдеп кодексіне сәйкес KazakhExport қызметкерлері өзіне Кодекс нормаларын сақтау туралы міндеттемені алады.

KazakhExport Қазақстан Республикасының заңнамасына, жалпы қабылданған іскерлік әдеп қағидаларына және KazakhExport ішкі құжаттарына сәйкес қатаң түрде әрекет етеді.

Дара тұлғалы акционер, Директорлар кеңесі мен KazakhExport басқармасының мүшелері арасындағы қатынастар өзара сенім, құрмет, есеп беру және бақылау арқылы құрылады.

2019 жылы KazakhExport-та Іскерлік әдеп кодексінің ережелерін меңгеру бойынша қызметкерлерге компьютерлік тестілеу өткізілді.

KazakhExport өз қызметін KazakhExport ішкі құжаттарына қатысты Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және басқа да нормативтік құқықтық актілерінің үстемдігін мойындай отырып және KazakhExport лауазымды тұлғалары мен басқа да қызметкерлерінің жеке қалауы бойынша шешімдер қабылдауға жол бермей жүзеге асырады.

KazakhExport корпоративтік басқару қағидаларына сәйкес Омбудсмен институты бар.

Оның функциясына KazakhExport Іскерлік әдеп кодексінің ережелерін сақтамау мәліметтерін жинау, Кодекстің ережелері бойынша KazakhExport қызметкерлерінің, лауазымды тұлғаларының консультациясы, Кодекстің ережелерін бұзу бойынша дауларды қарастыруға бастамашылық жасау және оған қатысу кіреді.

KazakhExport компаниясында іскерлік әдеп кодексінің қағидалары мен нормаларын бұзу фактілері бойынша құпия хабарламаларды жинауға арналған «Сенім-шұғыл желі» (телефон және электрондық пошта мекенжайы) енгізілді.

KazakhExport омбудсмені KazakhExport Іскерлік әдеп кодексінің ережелерін бұзу бойынша, соның ішінде мүдделер қайшылығы бөлігінде дауларды қарастыруға бастамашылық етеді және оларды реттеуге қатысады.

2019 жыл барысында аутсорсинг секторының маманынан корпоративтік әдеп талаптарының бұзылуы туралы оның тікелей басшысының іс-әрекетіне түскен бір шағымды қарастыру орын алды. Өтініште көрсетілген дәлелдерді тексеру мақсатында, Омбудсмен қызметтік тергеуді жүргізу үшін комиссияны қалыптастыру туралы ұсыныс шығарды.

Жүргізілген қызметтік тергеудің қорытындысы бойынша, құрамына кіретін Омбудсмен комиссия наразылықтың негізсіздігі туралы қорытынды шығарды: аутсорсинг секторы маманының тікелей жетекшісімен іскерлік беделінің нормаларын бұзу туралы дәлелдер расталған жоқ.

Өтініштің авторы заңмен белгіленген мерзімінде келтірілген дәлелдер бойынша түсініктер бар жазбаша жауапты жолдады.

Ішкі аудит қызметі

KazakhExport компаниясында ішкі аудит міндеті тәуекел-бағытталған амал негізінде объективті ішкі аудиторлық тексерулер жүргізу арқылы Компанияның құнын сақтау және арттыру, ұсыныстар беру және білім алмасу болып табылады. Ішкі аудит қызметі өз қызметінде ішкі аудиттің барлық қолданыстағы Халықаралық кәсіби стандарттарын және Ішкі аудиторлардың халықаралық институты қабылдаған Ішкі аудиторлардың әдеп кодексін ескереді, ішкі аудит бойынша бекітілген ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады

KazakhExport компаниясында Ішкі аудиттің Халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес келетін ішкі аудиттің жалпы танылған тұжырымдамалық моделі әрекет етеді, онда ішкі аудит функциялары ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару функцияларынан оқшауланған. Ішкі аудит аудиторлардың объективтілігін және Ішкі аудит қызметінің тәуелсіздігін қамтамасыз ететін арнайы функционалдық-әкімшілік бағыныстылық және есеп берушілік режимінде болады. Осы есептілік аясында Компанияның басқару органдары ішкі бақылау, корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділік деңгейі туралы сенімді, әрі өзекті ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

KazakhExport Директорлар кеңесі ІАҚ тәуекел-бағытталған Жылдық аудиторлық жоспары мен аудит бағдарламасын, ІАҚ және оның басшысы қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекітті.

Ішкі аудит қызметінің 2019 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес 12 аудиторлық тапсырма, соның ішінде корпоративтік басқару диагностикасы қарастырылып, толық көлемде орындалды.

Корпоративтік басқару диагностикасын бағалау 2019 жылғы 30 қыркүйектегі Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Корпоративтік басқару диагностикасының өзектендірілген әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылды. Жүргізілген бағалау қорытындысы бойынша корпоративтік басқару деңгейінің үздік тәжірибе талаптарына сәйкестігінің жиынтық көрсеткіші 78,6%-ды құрады.

Тоқсан сайынғы негізде Қызмет пен ішкі аудиторлардың ұсыныстарын орындалуын мониторингтеу жүзеге асырылады.

Біліктілікті жетілдіру және арттыру мақсатында Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері тұрақты оқудан өтеді.

Қызмет өз функцияларын жүзеге асыру кезінде Директорлар кеңесіне өзінің қандай да бір тұлғалардың ықпалынан тәуелсіздігін растады.

Тоқсан сайынғы негізде ІАҚ қызметі туралы есеп Аудит жөніндегі комитетке және KazakhExport Директорлар кеңесіне ұсынылады.

Директорлар кеңесі жыл сайын Қызметтің және оның басшысының жұмысының тиімділігін қызметтің бекітілген негізгі көрсеткіштері негізінде бағалайды. Директорлар кеңесі Қызметтің жұмысын «тиімді» деп бағалады.

Корпоративтік хатшы

2019 жыл ішінде KazakhExport корпоративтік хатшысымен бөлімшелер басшылары мен лауазымды тұлғалардың Дара тұлғалы акционердің, Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің тапсырмаларын уақытылы орындауын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілді.

Директорлар кеңесі мен комитеттерінің өткізілген отырыстарының қорытындылары бойынша хаттамаға қол қойылған күннен бастап 1-2 жұмыс күні ішінде бөлімшелерге хаттамадан/шешімдерден үзінді көшірмелер берілді. 2019 жыл ішінде Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларына қол қою мерзімдері бұзылған жоқ, хаттамалар өткізілгеннен кейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жасалды және қол қойылды.

2019 жыл ішінде Директорлар кеңесінің, Корпоративтік хатшының жұмысы туралы есептерді дайындау және шығару мерзімдерінің бұзылуы болған жоқ, есептер KazakhExport Директорлар кеңесі туралы Ереженің талаптарына сәйкес Директорлар кеңесінің қарауына тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі бірінші айдың соңына дейін шығарылды.

KazakhExport компаниясы туралы, корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты және Қазақстан Республикасы заңнамасының және KazakhExport компаниясының ішкі құжаттарының талаптары аясында өзге де ақпаратты уақтылы ашу қамтамасыз етілді.

2019 жыл ішінде KazakhExport қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты орналастыру жүзеге асырылды, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Директорлар кеңесі құрамының өзгеруі және Директорлар кеңесінің сандық құрамын анықтау туралы хабарлама-хаттар жіберілді.

ҚР ҰБ және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан KazakhExport компаниясының лауазымды тұлғаларына санкциялар, соның ішінде әкімшілік айыппұлдар да қолданылмаған.

2019 жыл ішінде KazakhExport корпоративтік хатшысымен Директорлар кеңесі мен комитеттерінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша бөлімшелерге кеңес берілді.

Сыртқы аудит

2019 жылы қаржылық есептіліктің сыртқы аудиті бойынша жұмысты «КПМГ АУДИТ» ЖШС жүргізді, онымен 2019-2021 жылдар кезеңіне шарт жасалды.

- Сыртқы аудитті ұйымдастыру және Өткізу жөніндегі саясатқа сәйкес сыртқы аудитор әрбір бес жыл сайын жоба бойынша серіктесті ротациялау қағидасын ұстануға тиіс.

- Егер өткен жылы сыртқы аудитті жүзеге асырған сыртқы аудитор таңдалса, осындай сыртқы аудитор жоба бойынша серіктестің сабақтастық жоспарын дайындайды, ол KazakhExport Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне қарауға ұсынылады. Алдыңғы аудитордан басқа сыртқы аудиторды таңдаған жағдайда, жоба бойынша серіктестің сабақтастық жоспарын дайындау талап етілмейді.

- Әдеп кодексіне сәйкес қаржылық есептілік аудитімен байланысты емес аудиторлық емес қызметтер көрсету сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне әсер ететін мүдделер қайшылығының туындауына алып келуі мүмкін.

- Қаржылық есептілік аудитін, салықтар бойынша аудитті, арнайы мақсаттағы аудитті жүзеге асыратын сыртқы аудитордың пайымдауының тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында осы аудитордың бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау жөніндегі қызметтерін KazakhExport сатып алуға және/немесе алуға тыйым салынады.

- KazakhExport компаниясының қызметтерін алу барысында сыртқы аудитор үшін тәуелсіздік қауіпінің туындауын анықтау үшін ҚР заңнамасын және KazakhExport ІНҚ, соның ішінде Сыртқы аудитті ұйымдастыру және жүргізу саясатын басшылыққа алады.

Новосибирск



Ресей Федерациясы,
Новосибирск қ.,
Депутатская көш., 46
«Простор» коворкингі,
4-0408 кеңсе.
+7 (913) 374 16 62

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Тәуекелдерді басқару жүйесі

Тәуекелдерді басқару жүйесі KazakhExport қызметінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады және барлық маңызды тәуекелдерді сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингтеуге, сондай-ақ қаржылық тұрақтылық пен беделге теріс әсер етуі мүмкін олардың деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдауға бағытталған.

Тәуекелдерді басқару жүйесі ішкі капиталдың жеткіліктілігін бағалау процесіне негізделген. Тәуекелдің әрбір түрі бойынша KazakhExport компаниясы деңгейінде ішкі капиталды есептеу үшін әрі қарай агрегациялау және оны барлық тәуекелдерді жабуға арналған Компанияның қолжетімді қаржы ресурстарымен салыстыру мақсатында оның сандық бағасы жүргізіледі.

Ішкі капитал қалыпты және күйзеліс жағдайларда есептелетін тәуекелдердің келесі түрлерін ескереді: несие тәуекелі, валюталық және пайыздық тәуекел, операциялық тәуекел, бизнес-тәуекел. Барлық көрсетілген тәуекелдер KazakhExport компаниясының ішкі құжаттарына сәйкес сәйкестендіріледі және бағаланады және осы тәуекелдер бойынша есептілік тоқсан сайынғы негізде Холдингке ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына және корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелеріне сәйкес тәуекелдер бойынша тұрақты есептілік енгізілді, мұнда KazakhExport Басқармасы мен Директорлар кеңесі мерзімдік негізде тәуекелдер картасын, тәуекелдер бойынша есептерді қоса алғанда, тәуекелдер бойынша ахуал туралы ақпарат алады. Қажеттілігіне қарай Басқарма мен Директорлар кеңесіне тәуекелдердегі елеулі өзгерістер туралы деректер беріледі. KazakhExport компаниясы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тәуекелдер бойынша есептілікті тұрақты негізде ұсынады.

2019 жылы KazakhExport тәуекелдерді басқару бойынша ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру және әзірлеу бойынша белгілі бір жұмыс жүргізілді:

- Сақтандыру кластары (түрлері) бөлігінде жекелеген сақтандыру шарттары бойынша (соның ішінде сақтандыру және қосымша сақтандыру шарттарының жиынтығы) Жауапкершілік лимиттері (сақтандыру сомалары) бекітілді және қолданылады;
- Бизнес-процестерді, оларға тән тәуекелдер мен тәуекелдің негізгі индикаторларын айқындау әдістемесі (жаңа редакцияда бекітілді);
- Тәуекелдерді басқару саясаты (жаңа редакцияда бекітілді);
- Іске асырылған тәуекелдер бойынша дерекқорды жүргізу жөніндегі Нұсқаулық бекітілді;
- Қаржы активтері мен міндеттемелерін басқару регламенті (жаңа редакцияда бекітілген);
- Тәтенше жағдайлар жағдайына және қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етуге арналған жоспар (жаңа редакцияда бекітілді);
- Операциялық, ілеспе тәуекелдерді басқару саясаты бекітілді;
- 2019-2023 жылдарға арналған тәуекелдерді басқарудың Корпоративтік жүйесін дамыту стратегиясы бекітілді;
- Ішкі бақылау жүйесі туралы саясат (жаңа редакцияда бекітілген).

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есепті кезең барысында KazakhExport тәуекелдерді басқару департаменті құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп KazakhExport тәуекелдерді кешенді сәйкестендіру мен бағалауды жүргізді. Осы жұмыстың қорытындысы бойынша тәуекелдер тіркелімі, бизнес-процестер, тәуекелдер мен бақылаулар матрицасы әзірленді және бекітілді, іс-шаралардың орындалу мерзімін және жауапты тұлғаларды бекіте отырып, тәуекелдер картасы мен Жоғары және сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары құрылды. KazakhExport тәуекелдер тіркелімі-не сәйкес, 2019 жылдың соңында 27 тәуекел сәйкестендірілді, қауіпті (қызыл) аймақта тәуекелдер жоқ, 15 тәуекел сары аймақта (жоғары басымдыққа ие), 12 – басымдылығы бойынша үшінші орынға ие.

Негізгі тәуекелдер және оларды басқару жөніндегі іс-шаралар

Тәуекелдер	Басқару жөніндегі іс-шаралар
KazakhExport стратегиялық көрсеткіштерін орындамау тәуекелі	• Экспортты жүзеге асыратын отандық кәсіпорындар бойынша дерекқорды кеңейту; • Клиенттермен, шетелдік банктермен, әлеуетті шетелдік көрсеткіштермен кездесулер; • Тұрақты негізде белсенді PR-іс-шаралар. • Негізгі қызмет бойынша ішкі бизнес-процестерді оңтайландыру (тұрақты негізде); • Әлеуетті әріптестерді іздеу және шетелдік контрагенттермен (Қайта сақтанушылармен) қайта сақтандыру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдер жасасу.
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ертерек ден қою шараларын, шектеулі әсер ету шараларын (комплаенс-тәуекел) не санкцияларды қолдану тәуекелі	• Қолданыстағы, соның ішінде сақтандыру қызметін реттейтін заңнама нормаларының сақталуына тиісті ішкі бақылауды жүзеге асыру (тұрақты негізде).
Андеррайтинг тәуекелі	• Құрылымдық бөлімшелерден ұсынылған қорытындылар мен деректердің сапасын бақылау; • Ұсынылған деректерді айқас тексеруді жүзеге асыру; • Сыртқы ақпарат жеткізушілері мен сенімді дерекқорды пайдалану; • Деректерді ұсыну көздерін кеңейту; • Қаржы институтын бағалау әдістемесіне сәйкес қаржы ұйымдарымен операцияларға рұқсат етілген лимитті анықтау үшін модельді пайдалану.
Жеткіліксіз сақтандыру резервтерін қалыптастыру тәуекелі	• МРШР ай сайынғы мониторингісі (мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резерві). • Тоқсан сайын мониторинг нәтижелері Басқармаға мәлімет үшін шығарылады; • Қалыптастырылған резервтердің барабарлығын сынау; • Резервтер есебін жыл сайын аудиттеу.
АЖҚ/ЛҚ бойынша заңнаманы сақтамау тәуекелі	• KazakhExport қызметкерлерінің оларды сәйкестендіру және деректерді жинау бойынша клиенттермен жұмыс істеу кезінде заңнама және НҚА талаптарын орындауы; • Қызметкерлерді АЖҚ/ЛҚ туралы заңнама талаптарын сақтау мәніне клиенттермен жұмыс істеу бойынша ішкі оқыту. • Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама талаптарын сақтау мақсатында клиенттердің сақтандыру істері мен сауалнамалық деректерінің күйіне комплаенс-тексерулер жүргізу.
Валюталық тәуекел	• Валюталық позицияларды тұрақты бақылау. • Валюта бағамдарының өзгеруінің стресс-тестілеуін/ сезімталдығын тоқсан сайын жүргізу. • Ай сайынғы негізде валюталық позицияға лимиттерді сақтау мониторингісі.
Өтімділік тәуекелі	• Өтімділіктің тұрақты гэп-талдауы; • Жоғары өтімді активтерге ақша қаражатын орналастыру; • Liquidity Coverage ratio және Net stable funding ratio өтімділік коэффициенттерін есептеу.
Несие тәуекелі – дефолт түрінде екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған ақша қаражатын жоғалту тәуекелі	• KazakhExport-тың контрагенттері – қаржы ұйымдарының қаржылық күйін бақылау және мониторингтеу (тоқсан сайынғы негізде); • KazakhExport компаниясының қаржылық активтер мен пассивтерін басқару бойынша Регламенттің талаптарына сәйкес келетін екінші деңгейлі банктерде ғана қаражатты орналастыру (тұрақты негізде); • Компанияда уақытша еркін өтімділікті бөлу лимиттері мен процесінің мониторингтеу (ай сайынғы негізде); • Уақытша бос ақша қаражатының есебін мониторингтеу (ай сайынғы негізде).

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «2019 жыл барысында Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру ережелерін бекіту туралы» 2018 жылғы 27 тамыздағы № 198 қаулысының талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің сәйкестігін бағалау қорытындылары бойынша тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелеріне қойылатын талаптарға сәйкестігін жалпы бағалау 2018 жылғы 70%-дан - бастап, 2019 жылы 92%-ға - дейін өсті.

Скорингтік модель

2018 жылғы қыркүйекте Андеррайтингтік кеңесіне жүктемені төмендету мақсатында KazakhExport Басқармасы экспорттық несиені сақтандыру тәуекелін бағалау әдістемесін бекітті, сол аяда сақтандыру тәуекелін бағалаудың скорингтік моделі әзірленіп, енгізілді.

Скорингтік модель объективті факторларда шешім қабылдаудың ашық механизмін белгілеуге мүмкіндік береді және Андеррайтингтік кеңесі өкілеттіктерінің бір бөлігін беру мүмкіндігін ашу есебінен мәселелерді қарау уақытын қысқартады.

Кейінірек бұл скорингтік модель қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру тәуекелін бағалау үшін де таратылды.

2019 жылғы мамырда KazakhExport Директорлар кеңесінің шешімімен экспорттық несиелерді және экспорттаушылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегін сақтандыру шарттары бойынша Андеррайтингтік кеңестің қысқартылған құрамына 100 000 000 теңгеден аспайтын мөлшерде жауапкершілік лимиті (сақтандыру сомасы) белгіленген.

Осылайша, 2019 жылы андеррайтингтік шешімдердің 16%-ды скорингтік модель негізінде қабылданды.

Скорингті енгізу нәтижесі экспорттық несиелерді және экспорттаушылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегін сақтандыру шарттары бойынша өтініштерді қарау мерзімінің 10 күннен 5-7 күнге дейін қысқаруы болды.

ойлендіқ

Бішкек



Қырғыз Республикасы,
Бішкек қ.,
Раззаков көш. 19, 807 кеңсе.
+996 551 801 202

КАДРЛЫҚ САЯСАТ

Компанияда адами капиталды басқару келесі стратегиялық бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- қызметкерлерді іріктеу мен бағалаудың айқын және ашық жүйесін қалыптастыру;
- еңбек тиімділігін арттыру;
- қызметкерлерді тұрақты оқыту мен дамытуды қамтамасыз ету;
- корпоративтік мәдениетті дамыту.

Компанияда адами капиталды нығайту және дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде, мансаптық өсу мен алға жылжу, оқыту, сондай-ақ қызметкерлердің материалдық және моральдық әл-ауқаты үшін қолайлы жағдайлар жасалуда.

Ernst & Young (Эрнст энд Янг) халықаралық консалтингтік компаниясы жүргізген Қоғам қызметкерлерінің тартылу деңгейін бағалау қорытындысы бойынша 2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылдың қорытындысы бойынша тарту деңгейі 74%-дан бастап 81%-ға дейін 7 тармаққа өсті. Бұл өсудің ең жоғары көрсеткіштерінің бірі.

Ұжымның ұйымшылдығы, Қоғам қызметкерлерінің уәждемесін арттыру, тимбилдингтер өткізетін қызметкерлердің еңбегін мойындау және т. б. бойынша ұйымдастырылған іс-шаралар жүйесі есебінен осындай елеулі ұлғаю мүмкін болды.

Осы көрсеткіштердің өзгеру динамикасын талдау нәтижелері Қоғамдағы қызметкерлерді басқару жүйесін сипаттайтын сапалық және сандық көрсеткіштер бойынша объективті ақпарат береді.

Қызметкерлердің орташа тізімдік саны, адам

Жаңа қызметкерлер саны, адам



Басқарушы органдар құрылымы

Жас топтары бойынша



Гендерлік белгі бойынша



Қызметкерлерді іріктеу және бейімдеу

Компанияда конкурстық негізде бос лауазымдарға үміткерлерді ашық және айқын іріктеу жүзеге асырылады. Қызметкерлерді іріктеу жүйесі жұмысқа орналастыру кезінде үміткерлерге тең көзқарасқа және үміткерлердің құқықтарын шектеуге жол бермеуге негізделген. Кадрларды іріктеу үміткердің кәсіби және жеке құзыретін бағалауға сүйене отырып жүргізіледі.

Жаңа қызметкерлерді өндірістік ортаға тиімді интеграциялау бойынша қолдау көрсету үшін жаңа қызметкерлерді бейімдеу жүйесі жұмыс істейді.

Қызметкерлерді оқыту және дамыту

KazakhExport заманауи технологияларды енгізумен қызметкерлерді ішкі және сыртқы оқыту жүйесі жұмыс істейді. Мобильді қосымша арқылы электронды кітапханаға қол жеткізу қамтамасыз етілді, тілдік курстар ұйымдастырылды.

KazakhExport бизнес-тренері тұрақты негізде жұмыс істеп тұрған қызметкерлердің кәсіби өсуі үшін ғана емес, сонымен қатар жаңа қызметкерлерге бейімделу бойынша оқыту семинарларын ұйымдастырады.

Сондай-ақ, KazakhExport-тің бизнес-тренері, KazakhExport қызметі және қолдау шаралары бойынша серіктес компаниялар мен екінші деңгейлі банктер қызметкерлеріне тегін семинарлар өткізеді. Жыл сайын «Даму «КДҚ» АҚ, «Атамекен» ҰКП, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ өңірлік бөлімшелерінің «KazakhExport» ЭСК» АҚ өнімдері бойынша оқыту семинарларымен Қазақстанның барлық 14 аймағы, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалар мен астана - Нұр-Сұлтан қаласы қамтылды.

Қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалау

Компанияда қызметтің негізгі көрсеткіштері (бұдан былай – ҚНК) негізінде қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалау жүйесі жұмыс істейді – бұл сыйақыларды қызметкерлер қызметінің нәтижелеріне байланыстыруды қамтамасыз етеді.

ҚНК тиімділігі жоғары қызметкерлердің нәтижелеріне қол жеткізуге ынталандыруға және керісінше, даму үшін салалары бар қызметкерлерді анықтауға мүмкіндік береді.

Қызметкерлердің еңбекақысын төлеу және ынталандыру

Еңбекке әділ сыйақы беруді қамтамасыз ету мақсатында Компанияда «Hay Group» халықаралық консалтинг компаниясының сыртқы кеңесшілерімен бірлесіп әзірленген грейдирлеу жүйесі енгізілді. Грейдирлеу жүйесі еңбекақы төлеудің нарықтық деңгейін бағалауды ескере отырып, қызметкерлер еңбекақысының бәсекеге қабілетті деңгейін қамтамасыз ету үшін стратегиялық мақсаттарға жетуде әрбір лауазымның құндылығын өлшеуді және анықтауды қарастырады.

Әлеуметтік қамсыздандыру

Әлеуметтік қолдау жұмыс беруші ретінде KazakhExport-тың тартымдылығын арттыруға, қызметкерлер үшін қолайлы жағдай жасауға және оның уәждемесін арттыруға бағытталған. Қызметкерлерді әлеуметтік қамсыздандырудың негізгі бағыттары қызметкерлерге келесі әлеуметтік қолдау шараларын ұсынуды көздейді: қызметкерлер мен қызметкерлердің отбасы мүшелеріне материалдық көмек көрсету және ерікті медициналық сақтандыру (ауырған жағдайда сақтандыру).

Кадрлық резерв және сабақтастық

Компанияда кадрлық резерв саласындағы саясат «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ бірыңғай кадрлық резерві аясында қалыптастырылады.

Жыл сайын KazakhExport ең перспективті, әрі тиімді қызметкерлері кадрлық резервке кіру үшін іріктеу турларына қатысады.

Еңбекті қорғау

KazakhExport компаниясында «KazakhExport» ЭСК» АҚ Қызметкерлеріне арналған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық» қолданылады. Нұсқаулыққа сәйкес KazakhExport компаниясында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқамалар тұрақты түрде өткізіледі.

2019 жылы Нұсқаулық бұзушылығы болған жоқ, оқиғалар тіркелмеді.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

KazakhExport компаниясы барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескеретін және тұрақты дамуына септігін тигізетін осындай шаруашылық қызметті жүзеге асыруға өзінің ұмтылысын растайды.

KazakhExport компаниясы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы іс-шараларды іске асыру арқылы өз алдына келесі мақсаттарды қояды:

- елдің экономикалық дамуының жоғары деңгейін қолдауға үлес қосу;
- KazakhExport әлеуметтік ілгерлеуге септігін тигізу;
- ұйымшыл, әлеуметтік қорғалған, шығармашылық және экономикалық тұрғыдан ынталандырылған қызметкерлер ұжымын құру;
- үздік әлемдік стандарттарға сәйкес еңбек және демалыс жағдайларын жақсарту, қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігін арттыру;
- заманауи жоғары тиімді және әлеуметтік жауапты KazakhExport мәртебесіне қол жеткізу және қолдау.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

KazakhExport компаниясы мүдделі тараптардың кең ортасы үшін ұзақ мерзімді құндылықты құруға ұмтылады.

Стейкхолдерлердің негізгі топтары олардың KazakhExport компаниясына әсер ету дәрежесін және Компанияның оларға әсерін талдау негізінде анықталады.

Стейкхолдерлердің (әсер ету саласының) жақындығының деңгейі KazakhExport қандай да бір мүдделі тарапқа әсер ету мүмкіндігінің дәрежесін білдіреді. 86-беттегі суретте III, II және I сызықтық байланыстар түрінде анықталған:

- Өкілеттік/жауапкершілік саласы (III). Бұл салада KazakhExport компаниясы тікелей бағынышты болатын стейкхолдерлер (басқарудың әкімшілік тетіктері) орналасқан.
- Тікелей әсер ету аймағы (II). Бұл салаға ресурстармен алмасу стратегиясына немесе сенімге сүйене отырып, KazakhExport компаниясы тікелей әсер ететін стейкхолдерлер жатқызылған.
- Жанама әсер ету аймағы (I). Бұл салада KazakhExport компаниясы мүдделі тараптардың қолдауын пайдалана отырып, әлсіз, жанама әсер ететін стейкхолдерлер орналасқан.

Әсер ету маңыздылығының дәрежесі x/y екі шәкілі бойынша бағаланады, мұнда: x = -5 бастап +5 дейін, 1-қадаммен (немесе одан да ұсақ) KazakhExport стейкхолдерінің қолдау/қарсы іс-қимыл дәрежесін сипаттайды (-5-қарсы іс-қимылдың шеткі дәрежесі, +5 ... қолдаудың жоғары дәрежесі), y = 0 бастап 5 дейін 1-қадаммен (немесе одан да ұсақ) стейкхолдердің Компанияға әсер ету дәрежесін сипаттайды.

KazakhExport компаниясы мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу және кері байланыс алу үшін құралдардың кең тізбесін пайдаланады. Негізгі шешімдерді қабылдау кезінде Компания өзара әрекеттесу барысында анықталған стейкхолдерлердің әртүрлі топтарының мүдделерін ескеруге ұмтылады.

Стейкхолдерлер картасы

Жақын өріс
Алыс өріс

X/Y

X = -5 бастап +5 дейін – қолдау күші/ стейкхолдердің қарсы әрекеті (картада бірінші санмен белгіленген)

Y = 0 бастап 5 дейін - стейкхолдер ықпалының күші (картада екінші санмен белгіленген)

n = I, II, III –стейкхолдерлерге Компания ықпалының дәрежесі (картада I, II, III сызықтар түрінде жақшада көрсетілген)

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу

№	Стейкхолдерлер (топтар) тізімі	Мүдделер/ уәждер	Әсер ету құралдары	Өзара әрекеттесу әдістері
Жақын өрісі				
1.	Дара тұлғалы акционер	Пайда мен жылдық дивидендтер өсуі, KazakhExport құнының өсуі, KazakhExport қызметінің тиімділігі	KazakhExport жарғысы, Корпоративтік басқару кодексі	Қызметтің негізгі бағыттарын, сондай-ақ KazakhExport жалпы басшылығына қатысты мәселелерді келісу. Қазақстан Республикасының заңнамасына және KazakhExport жарғысына сәйкес негізгі шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидалары аясында Дара тұлғалы акционердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының, KazakhExport ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы шынайы ақпаратты ұсыну. KazakhExport қызметінің жоспарлары, жетістіктері, мәселелері туралы мәліметтер ұсыну. Дара тұлғалы акционердің шешімі.
2.	Директорлар кеңесі	KazakhExport қызметін жалпы басқару	KazakhExport жарғысы, KazakhExport ішкі құжаттары	Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Жарғымен Дара тұлғалы акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыру.
3.	Менеджмент	Еңбекақы, бонустар, сыйақылар, мәртебе, жауапкершілік аймақтары	KazakhExport жарғысы, KazakhExport ішкі құжаттары	KazakhExport Дара тұлғалы акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау. KazakhExport сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, даму жоспары мен стратегиясын дайындау, іске асыру және іске асыру мониторингі. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда көзделген, сондай-ақ KazakhExport Директорлар кеңесі мен Басқармасының құзыретіне жататын өзге де мәселелерді дайындау және іске асыру (KazakhExport Жарғысына сәйкес). KazakhExport басқармасының және Басқарма жанындағы комитеттердің отырыстары. Жұмыс топтары, жедел кеңестер.
4.	Қызметкерлер	Еңбекақы, сыйлықақылар, мансаптық өсу, кәсіби даму, еңбек шартының талаптары, әлеуметтік кепілдіктер (соның ішінде медициналық сақтандыру), өкілеттіктер мен жауапкершілік деңгейі, жұмыспен қанағаттану деңгейі	Еңбек кодексі, еңбек шарттары, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар	KazakhExport міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді орындау. Білікті және уәжді қызметкерлерді қалыптастыруға бағытталған айқын, ашық кадр саясатын жүргізу. Барлық қызметкерлерге еңбек қызметі процесінде олардың әлеуетін іске асыру үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, олардың нәтижелерін риясыз және әділ бағалау, қызметкерлерді тек кәсіби қабілеттері, білімі мен дағдылары негізінде іріктеу және мансаптық өсуі. Сауалнама және сұраулар.

№	Стейкхолдерлер (топтар) тізімі	Мүдделер/ уәждер	Әсер ету құралдары	Өзара әрекеттесу әдістері
5.	Клиенттер	Коммерциялық мүдделер, қолайлы тарифтер бойынша жоғары сапалы қызметтер алу	Шарттар	KazakhExport өнімдері мен қызметтерін тұтынушылардың үміттеріне сәйкестігін қамтамасыз ету. Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау. Тұтынушылардың қанағаттануын талдау. Келіссөздер, консультациялар.
Алыс өрісі				
6.	Мемлекеттік органдар	Заңнамалық және атқарушылық функциялар, салық түсімдері, экономикалық өсу, халықты жұмыспен қамту	Заңдар, Әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік бағдарламалары	KazakhExport ұйымдастыратын жұмыс топтарына, форумдарға, конференцияларға қатысуға шақыру. KazakhExport мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық қажетті процедураларды дайындау және іске асыру. KazakhExport қызметінің негізгі бағыттарын келісу. Мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу. Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының, KazakhExport ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес мүдделі мәселелер бойынша шынайы ақпарат ұсыну. Үкіметтік жұмыс топтарына қатысу. Уәкілетті мемлекеттік органдармен кеңесу. Тексерулер мен инспекциялар. Кездесулер мен отырыстар.
7.	Холдингтің еншілес ұйымдары	Бірлескен қызмет, коммерциялық мүдделер	Шарттар, KazakhExport жарғысы, Холдингтің, KazakhExport пен еншілес ұйымдардың ішкі құжаттары	Өзара тиімді ынтымақтастық, бизнес - және технологиялық процестерді жетілдіру және оларды автоматтандыру. Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.
8.	Бәсекелестер	Сақтандыру және қайта сақтандыру қызметі нарығында қатысу үлесін ұлғайту	Сақтандыру/ қосымша сақтандыру бойынша неғұрлым тиімді шарттарды қолдану, активтердің өсуі, тарифтік бәсекелестік, белсенді жарнама саясаты, нарықты маркетингтік зерттеу	Сыйластық көрсету, негізсіз артықшылықтарды қолданудан және бәсекелестікті бұрмалауға жол бермеу, Корпоративтік басқару кодексінің және KazakhExport Іскерлік әдеп кодексінің қағидаларын ұстану. Нарықты мониторингтеу, талдау және маркетингтік зерттеу.
9.	Серіктестер	Бірлескен қызмет, коммерциялық мүдделер	Меморандумдар, шарттар	Өзара тиімді ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы шарттар мен келісімдер жасасу. Шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.

№	Стейкхолдерлер (топтар) тізімі	Мүдделер/ уәждер	Әсер ету құралдары	Өзара әрекеттесу әдістері
10.	Экспорттық-несие агенттіктері	Елдер арасында қаржылық-сақтандыру қолдауын дамыту жөніндегі іс-әрекеттерді талқылау, шарттарды әзірлеу және келісу, экспортты қаржылық-сақтандыру қолдау бойынша тәжірибе және ақпарат алмасу, бірлескен жобаларды іске асыру, коммерциялық мүдделер	Меморандумдар, шарттар	Өзара тиімді ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы шарттар мен келісімдер жасасу. Шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.
11.	Халықаралық қаржы институттары	Бірлескен халықаралық жобаларды іске асыру, коммерциялық мүдделер, тәуекелдерді қайта сақтандыру	Меморандумдар, шарттар	Өзара тиімді ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы шарттар мен келісімдер жасасу . Бизнес - процестерді жетілдіру және оларды автоматтандыру. Шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.
12.	Қаржы институттары	Депозиттік шоттарда бос ақша қаражатын орналастыру, KazakhExport бағдарламаларын іске асыруға қатысу, KazakhExport тәуекелдерін сақтандыру (соның ішінде медициналық сақтандыру), тәуекелдерді қайта сақтандыру, KazakhExport арнайы шоттарын жүргізу және есепке алу, эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу	Шарттар	Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау. Шарттар талаптарын жақсарту.
13.	Жеткізушілер	Коммерциялық мүдделер, шарттық міндеттемелерді сақтау	KazakhExport тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін сатып алуды жүзеге асыру ережелері, шарттар	Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау . Іскерлік хат алмасу, сұраулар. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді ашық және тиімді сатып алуды қамтамасыз ету. Өзара тиімділік, құрмет, сенім, адалдық және әділдік негізінде өзара әрекет ету. Әлеуетті жеткізушілер үшін ақпаратты интернет-сайтта жариялау.
14.	Халық	Жұмысқа орналасу мүмкіндігі, әлеуметтік мәселелерді шешу, KazakhExport қызметінің ашықтығы, экологияны қорғау	Қоғамдық пікір. Жоғары тұрған және реттеуші мемлекеттік органдарға, БАҚ жүгіну.	Қоғамдық пікір сауалнамасы, коммуникациялық стратегияларды іске асыру. KazakhExport қаржылық және қаржылық емес есептілікті жариялау. Әлеуметтік жауапкершілік, қызметтің ашықтығы және тұрақты даму қағидаларына тәжірибелік берілгендікті көрсету. Адал бәсекелестікті, жалпы қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтауға ұмтылу. Қосымша әлеуметтік міндеттемелер қабылдау, өзекті әлеуметтік мәселелерді шешу. Қайырымдылық қызметі.

№	Стейкхолдерлер (топтар) тізімі	Мүдделер/ уәждер	Әсер ету құралдары	Өзара әрекеттесу әдістері
15.	Қоғамдық ұйымдар	Қоғамдық ұйымдардың мақсаттары мен міндеттерін іске асыру, демеушілік көмек алу	KazakhExport жарғысы, жасалған шарттар бойынша шарттық қатынастар, форумдар, конференциялар және т. б. өткізу	Заңнама нормаларын сақтау. Ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы келісімдер жасасу. Қайырымдылық пен демеушілікті жүзеге асыру. Бірлескен іс-шараларды өткізу (кездесулер, форумдар, конференциялар және т. б.).
16.	Бұқаралық ақпарат құралдары	KazakhExport қызметі туралы жариялау және ақпарат беру, коммерциялық мүдделер	KazakhExport қызметі туралы жариялау және ақпарат беру, сұхбат беру, пресс-релиздер және т. б.	**Төмендегілер арқылы ақпараттық қызметті ұйымдастыру:** – PR-іс-шараларды іске асыру (пресс-релиздер, пресс-конференциялар); – KazakhExport күшті жақтары мен мүмкіндіктерін мақсатты аудиторияға жеткізу; – Оң қоғамдық пікір қалыптастыру; – KazakhExport қызметінің ашықтылығын ақпаратты дұрыс, тұрақты, үздіксіз және уақытылы ашу арқылы қамтамасыз ету; – KazakhExport брендінің танымалдылығын қолдау; – KazakhExport қызметінің нәтижелерін қоғамға ұсыну.

ҚОСЫМША. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Аудитордың қорытындысын қоса алғанда, Компанияның толық қаржылық есебімен корпоративтік сайтта таныс-уға болады:

https://keg.kz/rubric/o_nas/otchetnost/finansovaya_otchetnost

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ

2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл барысындағы пайда немесе залал және өзге жиынтық табыс туралы есеп

	Ескерт-пе	2019 ж. мың теңге	2018 ж. мың теңге
Есептелген сақтандыру сыйлықақылар, брутто	6	2,324,296	2,679,063
Қайта сақтандырушыларға берілген есептелген сақтандыру сыйлықақылар	6	(44,811)	(562,370)
Есептелген сақтандыру сыйлықақылар, нетто		**2,279,485**	**2,116,693**
Өтелмеген сыйлықақылар бойынша резервтегі өзгеріс, брутто	6	(569,908)	(707,365)
Өтелмеген сыйлықақылар бойынша резерв өзгерісіндегі қайта сақтандырушылар үлесі, брутто	6	(139,797)	(366,915)
Еңбек табылған сақтандыру сыйлықақылар, нетто		**1,569,780**	**1,042,413**
Шағымдар төленген	7	(240,262)	(55,817)
Регресті талап бойынша өтеу	7	6,802	450
Сақтандыру шарттары бойынша резервтегі өзгерістер, брутто	7	(2,988,533)	(771,803)
Сақтандыру шарттары бойынша резервтегі қайта сақтандырушылар үлесіндегі өзгеріс	7	(50,501)	41,589
Шағымдар төленген, нетто		**(3,272,494)**	**(785,581)**
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық табыстар	8	4,786,889	2,896,843
Өзге пайыздық табыстар	8	69,489	102,896
Пайыздық шығындар	8	(24,877)	(29,185)
Өзгеруі кезең ішінде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруінен таза табыс		73,437	61,006
Шетел валютасымен жасалатын операциядан таза пайда		619,708	612,379
Таза комиссиялық (шығындар) / табыстар		(4,496)	2,135
Жалпы әкімшілік шығындар	9	(1,647,296)	(1,162,595)
Борышкерлік қаржы активтерінің құнсыздануынан залалдарды /(залалды) қалпына келтіру		662,640	(691,790)
Өзге операциялық (шығын) / табыс, нетто		(134,280)	4,207
Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда		**2,698,500**	**2,052,728**
Табыс салығы бойынша шығын	10	(342,916)	(467,176)
Жыл барысындағы пайда		**2,355,584**	**1,585,552**
Табыс салығын шегере отырып, өзге жиынтық табыс			
Қайта жіктелген немесе пайда не залал құрамында қайта жіктелу салдарынан болуы мүмкін баптар:			
Әділ құн өзгеруінің резервісі:			
• Әділ құнның таза өзгеруі		(1,303)	239,197
• Пайда немесе залал құрамына ауыстырылған әділ құнның таза өзгеруі		5,200	(1,435)
Табыс салығын шегере отырып, жыл барысындағы өзге жиынтық табыс		**3,897**	**237,762**
Жыл барысындағы жалпы жиынтық табыс		**2,359,481**	**1,823,314**

6-69-беттерде берілген осы қаржылық есептілік 2020 жылдың 28 ақпанында Компания басшылығымен бекітілді және соның атынан оған қол қойғандар:

Искаков Р. В.
Басқарма Төрағасы

Сарткожинова Ж. К.
Бас бухгалтер

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық күй туралы есеп

	Ескерт-пе	2019 ж. мың теңге	2018 ж. мың теңге
АКТИВТЕР			
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	11	17,655,699	26,871,413
Банктердегі депозиттер	12	46,574,121	11,099,359
Инвестициялық бағалы қағаздар:			
• өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын	13	10,224,696	7,435,977
• амортизацияланған құн бойынша бағаланатын	13	10,682,611	-
• пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын	13	660,849	1,511,226
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дибеторлық берешек	14	1,391,256	1,014,713
Сақтандыру шарттары бойынша резервтегі қайта сақтандырушылар үлесі	15	318,795	509,093
Негізгі қаражат		87,645	71,662
Ағымды салық активті		328,773	92,632
Кейінге қалдырылған салық активтері	10	36,951	24,455
Өзге активтер		237,245	15,726
Активтер жиыны		**88,198,641**	**48,646,256**
МІНДЕТТЕМЕ			
Сақтандыру шарттары бойынша резервтер	15	8,444,237	4,885,796
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек		65,708	36,764
«Самұрық-Қазына» АҚ алынған қарыз		144,388	212,512
Өзге міндеттемелер		350,823	201,514
Міндеттемелер жиыны		**9,005,156**	**5,336,586**
МЕНШІК КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	16(а)	71,100,000	37,100,000
«Самұрық-Қазына» АҚ нарықтыдан төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыз бойынша қосымша төленген капитал		732,819	732,819
Тұрақтандырылған резерв		65,919	7,904
Болжанбаған тәуекелдер резервісі		2,555,200	510,942
Бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеру резервісі		(1,263,767)	(1,267,664)
Бөлінбеген пайда		6,003,314	6,225,669
Меншік капитал жиыны		**79,193,485**	**43,309,670**
Меншік капитал және міндеттемелер жиыны		**88,198,641**	**48,646,256**

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ

2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл барысындағы ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп

	2019 ж. мың теңге	2018 ж. мың теңге
ОРАЛЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Табыс салығынан шегергенге дейінгі пайда	**2,698,500**	**2,052,728**
Түзетулер:		
Резервтегі өзгерістер, қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып	3,748,739	1,804,494
Дисконтты және сыйақыны амортизациялау	(307,360)	66,729
Тозу және амортизация	16,970	15,681
«Самұрық-Қазына» АҚ алынған қарыз бойынша пайыздық шығын	24,877	29,185
Борышкерлік қаржы активтерін құнсыздануданзалалды (залалдарды/ қалпына келтіру)	(662,640)	691,790
Өзгеруі кезең ішінде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруінен таза табыс	(73,437)	(61,006)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық табыстар	(4,479,529)	(2,963,572)
Өзге пайыздық табыстар	(69,489)	(102,896)
Өткізілмеген бағамдық айырма	(619,708)	(601,197)
Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгерісіне дейін оралымдық қызметтен ақшалай қаражаттың ағындары	**276,923**	**931,936**
Операциялық активтердің (көбеюі)/азаюы		
Банктердегі депозиттер	(32,912,669)	(2,501,958)
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек	(385,673)	(59,298)
Өзге активтер	(255,026)	26,771
Операциялық міндеттемелердің (көбеюі)/азаюы		
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек	28,944	(118,220)
Өзге міндеттемелер	145,715	63,186
Сыйлықақы алуға және табыс салығын төлегенге дейін оралымдық қызметтен ақшалай қаражатты таза қолдану	**(33,101,786)**	**(1,657,583)**
Табыс салығы төленген	(588,308)	(367,057)
Сыйлықақы алынған	3,486,196	2,513,306
Сыйлықақы төленген	(541)	(786)
Операциялық (қызметте)/қызметтен ақшалай қаражаттың (қолданылуы)/келуі	**(30,204,439)**	**487,880**

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ

2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл барысындағы ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп

	2019 ж. мың теңге	2018 ж. мың теңге
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Сатылымнан түскен түсім және инвестициялық бағалы қағаздарды өтеу	1,062,500	_
Борышкерлік бағалы қағаздарды сатып алу	(13,284,230)	-
Негізгі қаражатты және материалдық активтерді сатып алу	(30,218)	(31,183)
Инвестициялық қызметте пайдаланған ақшалай қаражаттың ағыны	**(12,251,948)**	**(31,183)**
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Акцияларды шығару	34,000,000	-
«Самұрық -Қазына» АҚ алынған қарызды өтеу	(92,460)	(92,460)
Дивидендтер төленген	(475,666)	(639,389)
Қаржылық қызметтен/(пайдаланылған) ақшалай қаражаттың ағыны	**33,431,874**	**(731,849)**
Ақшалай қаражат пен оның баламаларының таза азаюы	**(9,024,513)**	**(275,152)**
Ақшалай қаражат пен оның баламаларының көлеміне валюталық бағамдар өзгерісінің әсері	(191,201)	101,231
Жыл басындағы жағдай бойынша ақшалай қаражат пен оның баламалары	26,871,413	27,045,334
Жыл соңындағы жағдай бойынша ақшалай қаражат пен оның баламалары (11-ескертпе)	**17,655,699**	**26,871,413**

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ

2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл барысындағы меншік капиталындағы өзгерістер туралы есеп

мың теңге	Акционерлік капитал	«Самұрық-Қазына» АҚ нарықтыдан төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыз бойынша қосымша төленген капитал	Тұрақтан-дырылған резерв	Болжанбаған тәуекелдер резервісі	Бағалы қағаздардың әділ құны-ның өзгеру резервісі	Бөлінбеген пайда	Барлық мен-шік капитал
2019 жылдың 1 қаңтарындағы қалдық	37,100,000	732,819	7,904	510,942	(1,267,664)	6,225,669	43,309,670
Жалпы жиынтық табыс							
Жыл барысындағы пайда	-	-	-	-	-	2,355,584	2,355,584
Өзге жиынтық табыс							
Қайта жіктелген немесе пайда не залал құрамында қайта жіктелу салдарынан болуы мүмкін баптар:						г*	
Әділ құнның таза өзгеруі	-	-	-	-	3,897	-	3,897
Барлық өзге жиынтық табыс	-	-	-	-	3,897	-	3,897
Жыл барысындағы жалпы жиынтық табыс	**-**	**-**	**-**	**-**	**3,897**	**2,355,584**	**2,359,481**
Меншік капитал құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен жасалатын операциялар							
Акцияларды шығару	34,000,000	-	-	-	-	-	34,000,000
Төленген дивидендтер (16(в)-ескертпе)	_	_	_	_	_	(475,666)	(475,666)
Болжанбаған тәуекелдер резервіне аудару (16(в)-ескертпе)	_	_	_	2,044,258	_	(2,044,258)	_
Тұрақтандырылған резервке аудару	-	-	58,015	-	-	(58,015)	-
Меншік иелерімен жасалған барлық опера-циялар	**34,000,000**	**-**	**58,015**	**2,044,258**	**-**	**(2,577,939)**	**33,524,334**
2019 жылғы 31 желтоқсанындағы қалдық	**71,100,000**	**732,819**	**65,919**	**2,555,200**	**(1,263,767)**	**6,003,314**	**79,193,48**

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ

2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл барысындағы меншік капиталындағы өзгерістер туралы есеп

мың теңге	Акционерлік капитал	«Самұрық-Қазына» АҚ нарықтыдан төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыз бойынша қосымша төленген капитал	Тұрақтандырылған резерв	Болжанбаған тәуекелдер резервісі	Бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеру резервісі	Бөлінбеген пайда	Барлық меншік капитал
2018 жылдың 1 қаңтарындағы қалдық	37,100,000	732,819	62,114	-	(1,849,217)	6,142,446	42,188,162
2018 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша ХҚЕС (IFRS) өтуден әсер	_	_	_	_	343,791	(406,208)	(62,417)
2018 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қайта есептелген қалдық	**37,100,000**	**732,819**	**62,114**	**_**	**(1,505,426)**	**5,736,238**	**42,125,745**
Жалпы жиынтық табыс							
Жыл барысындағы пайда	-	-	-	-	-	1,585,552	1,585,552
Өзге жиынтық табыс							
Қайта жіктелген немесе пайда не залал құрамында қайта жіктелу салдарынан болуы мүмкін баптар:						•4	
Әділ құнның таза өзгеруі	-	-	-	-	237,762	-	237,762
Барлық өзге жиынтық табыс	-	-	-	-	237,762	-	237,762
Жыл барысындағы жалпы жиынтық табыс	**-**	**-**	**-**	**-**	**237,762**	**1,585,552**	**1,823,314**
Меншік капитал құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен жасалатын операциялар							
Төленген дивидендтер (16(в)-ескертпе)	_	_	_	_	_	(639,389)	(639,389)
Болжанбаған тәуекелдер резервіне аудару (16(в)-ескертпе)	_	_	_	510,942	_	(510,942)	_
Тұрақтандырылған резервке аудару	-	-	(54,210)	-	-	54,210	-
Меншік иелерімен жасалған барлық операциялар	**-**	**-**	**(54,210)**	**510,942**	**-**	**(1,096,121)**	**(639,389)**
2018 жылғы 31 желтоқсанындағы қалдық	**37,100,000**	**732,819**	**7,904**	**510,942**	**(1,267,664)**	**6,225,669**	**43,309,670**

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Мекенжайы:
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 55 А-үй, Б блок.

Call-center:
+7 (7172) 95 56 56

Ішкі нөмір:

197, 120, 138, 133, 137 (Нұр-Сұлтан);

104, 117, 200 (Алматы)

E-mail:
info@keg.kz, export@keg.kz